



“Астана медицина университеті” КеАҚ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2023

Директорлар кеңесінің
2024 жылғы 29 тамыздағы
№ 9 шешімімен бекітілді



amu.edu.kz



[MeduniverAstana](https://www.facebook.com/MeduniverAstana)



[amu_mua_official](https://www.instagram.com/amu_mua_official)



[amuedukz](https://www.t.me/amuedukz)





Мазмұны

<i>Оқиғалар күнтізбесі</i>	2
Біз туралы қысқаша	6
1-ТАРАУ. УНИВЕРСИТЕТ ТУРАЛЫ	7
2-ТАРАУ. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ	9
2.1 Қаржылық қызметтің нәтижелері	9
2.2. Академиялық қызмет	13
2.3. Ғылыми қызмет	21
2.4. Клиникалық қызмет	24
2.5. Түлектерді жұмысқа орналастыру	30
2.6. Халықаралық ынтымақтастық	34
2.7. Университеттің кадрлық әлеуетін және басқару жүйесін дамыту	36
2.8. Инфрақұрылым және материалдық-техникалық база	38
2.9. Персоналдың жұмыс жүйесін автоматтандыру	39
2.10. Әлеуметтік-тәрбие жұмысы	42
2.11. Жұртшылықты ақпараттандыру	45
3-ТАРАУ. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	46
3.1. Корпоративтік басқару принциптері	46
3.2. Корпоративтік басқару құрылымы	47
3.3. Директорлар кеңесі	48
3.4. Басқарма	51
4-ТАРАУ. АУДИТОРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖӘНЕ ЕСКЕРТУЛЕРІ БАР ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК	55
5-ТАРАУ. АНАЛИТИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР	59



Оқиғалар күнтізбесі

Ай	Оқиғалар
Қаңтар	<ul style="list-style-type: none">- Назарбаев Университетінің Медицина мектебінің вице-деканымен қос дипломды магистратура бағдарламалары және NU зертханаларында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мәселелері бойынша кездесу- Ұлттық мереке – Үндістан Республикасы күніне арналған салтанатты іс-шара
Ақпан	<ul style="list-style-type: none">- «Мейіргер ісі», «Кинезитерапия», «Эрготерапия» ББ бойынша 2-3 курс білім алушыларының E-nactus студенттік ұйымының стартап жобаларды дайындау және іске асыру жөніндегі өкілдерімен кездесуі- ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің жұмыс берушілері мен өкілдерінің қатысуымен «Кинезитерапия және кәсіптік терапия бойынша мамандар даярлау туралы» дөңгелек үстелі- «Педиатриядағы амбулаториялық ультрадыбыстық диагностиканың таңдаулы сұрақтары» ультрадыбыстық диагностика мектебі- «Білім, ғылым және практиканың үштұғырлығы» тақырыбындағы дөңгелек үстел- ҚР Президенті Іс Басқармасының медициналық орталығымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды- Қызметкерлер мен оқытушылар арасындағы үстел теннисінен ректор кубогы- Кемерово мемлекеттік медицина университетінен визитинг профессор В.П. Вавилованың семинары
Наурыз	<ul style="list-style-type: none">- «Наурыз - 2023» салтанатты іс-шарасы- «Дені сау университет» жобасы аясында фитнес-залдың ашылуы және «АстМУ» КеАҚ мен «Қазақстандық спортшылар одағы» РҚБ арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою- «ҚР санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мамандарын даярлаудың өзекті мәселелері, проблемалар және оларды шешу жолдары» тақырыбында дөңгелек үстел- «Гепатологиялық және гастроэнтерологиялық бейіндегі мамандар қоғамы» ҚБ-мен бірлесіп «Гастроэнтерология - 2023» халықаралық конференциясы- «Анатомия әлемі» ғылыми-практикалық конференциясы- «АстМУ» КеАҚ қызметкерлері арасында шахматтан ректор кубогы- MedUSE – базалық медициналық пәндер бойынша жыл сайынғы республикалық олимпиада
Сәуір	<ul style="list-style-type: none">- Ерболат Дербісәліұлы Дәленов атындағы профилактикалық медицина ғылыми-зерттеу институтының салтанатты ашылуы- «Қоғамдық денсаулық сақтау және денсаулық сақтаудағы жасанды интеллект» жас ғалымдар форумы- Шетелдік маманды шақыра отырып, университеттің ОПК және ӘБП үшін «Үздіксіз интеграцияланған медициналық білім берудің кешенді бағдарламасын енгізу» семинары- Гарвард университетінің (Бостон, Массачусетс, АҚШ) зерттеушісі, PhD, профессор Don Eliseo Lucero-Prisno III семинар сапары- «Радиациялық диагностика және интервенциялық радиологиядағы радиациялық қорғау» тақырыбындағы модульдік курс- Медицина ғылымдарының докторы, Ресей халықтар достығы университетінің перинатология курсы бар акушерия және гинекология кафедрасының меңгерушісі, визитинг профессор Виктор Радзинскийдің семинары- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметін реттейтін мәселелер бойынша дөңгелек үстел



Мамыр	<ul style="list-style-type: none">- Ташкент медицина академиясының Ургенч филиалымен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды- Ферғана қоғамдық денсаулық медициналық институтымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды- «Хирургиялық және медициналық білім берудің таңдаулы мәселелері» халықаралық қатысуымен ғылыми-практикалық конференция- «Эндокринологияның өзекті мәселелері. Клиникалық мысалдардағы инновация және тәжірибе» IV халықаралық конференциясы- Дерматология, косметология және эстетикалық медицинаның VIII Еуразиялық конгресі- Ариэль университетінен және Тель-Авив университетінен, Израиль, визитинг-профессор Григорий Лившицтің семинары- Профессор Цой Гилен Васильевичтің 100 жылдық мерейтойына арналған «Хирургия және медициналық білім берудің таңдаулы мәселелері» халықаралық қатысуымен ғылыми-практикалық конференция- «Еуразиялық аккредиттеу орталығы және білім беру мен денсаулық сақтау сапасын қамтамасыз ету» аккредиттеу агенттігінің сыртқы сараптама комиссиясының келуі
Маусым	<ul style="list-style-type: none">- Түркия медицина ғылымдары университетімен өзара түсіністік туралы меморандум жасасу- «Радиологиядағы жаңа көкжиектер» X Еуразиялық радиологиялық форумы- «Ана мен баланы қорғаудағы заманауи трендтер» халықаралық қатысуымен республикалық ғылыми-практикалық конференция- Еуропалық рентгенология мектебі (ECR)- «Мұнай-газ өндіруші кәсіпорындар қызметкерлерінің радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбындағы дөңгелек үстел- «Global Health Academy» жазғы мектебі
Шілде	<ul style="list-style-type: none">- ВАСЕ жобасы аясында жаһандық денсаулық бойынша жазғы мектеп- Солтүстік мемлекеттік медицина университетімен, РФ, ынтымақтастық туралы келісімге қол қою- Университеттің барлық білім беру бағдарламалары «Еуразиялық аккредиттеу орталығы және білім беру мен денсаулық сақтау сапасын қамтамасыз ету» агенттігінің халықаралық аккредиттеуінен өтті- Түлектерді дипломдармен салтанатты марапаттау- «Қазақстан мен Израильдің денсаулық сақтау жүйелері: проблемалар, сынтетеуріндер және даму жолдары» дөңгелек үстелі- «Қазақстан мен Израильдің денсаулық сақтау жүйелерін салыстырмалы талдау» халықаралық курсы- «Травматология мен ортопедиядағы инновациялар» халықаралық қатысуымен республикалық ғылыми-практикалық конференция- Педиатрия бойынша жазғы мектеп
Тамыз	<ul style="list-style-type: none">- Университетте тренинг орталығын ашу мәселесі бойынша General Electric HealthCare компаниясының өкілдерімен кездесу- Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясының делегациясымен ғылыми кадрларды даярлау, жас мамандарды ғылыми қызметке тарту бойынша жағдайлар жасау мәселелері бойынша кездесу



Қыркүйек	<ul style="list-style-type: none">- Академик Ж.Х. Хамзабаев атындағы радиология ҒЗИ ашылу салтанаты- Стратегиялық серіктес Ариэль университетімен бірлесіп, «XXI ғасыр академиясы. Қазақстан» халықаралық пәнаралық саммиті- «Астана медицина университеті» КеАҚ мен «ENACTUS Kazakhstan» жеке қоры арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою- «Шәкәрім мұрасы – ұлттың асыл қазынасы» тақырыбындағы республикалық конференция- «Неврологиялық аурулар менеджменті» халықаралық қатысуымен республикалық конференция- «Қазақстандағы дәстүрлі медицинаның дамуы мен болашағы» атты бірінші республикалық форум- «Нефрологиядағы жаһандық альянс: халықаралық трендтер» Нефрологтардың Орталық Азия конгресі- Қазақстандық бариатриялық және метаболикалық хирургтар қоғамының конгресі- «Жаһандану жағдайындағы жұқпалы аурулар: сын-тегеуріндер мен шешімдер» II Қазақстандық конгресі- Академик Е. Дәленов атындағы ғылыми-зерттеу институтының ОПК және қызметкерлері арасында волейболдан турнир- Хорватия, Загреб университетінің медицина факультетінің ортопедиялық хирургия профессоры Дарко Антисевичті шақырумен дәрістер мен мастер-класстар циклі- ДДҰ халықаралық сарапшысын, акушер-гинеколог Стелиан Ходороджеяны шақырумен дәрістер мен мастер-класстар циклі- Рентгенолог-дәрігер, Ресей Денсаулық сақтау министрлігінің радиология ҰМЗО филиалы П.А. Герцен ат. МҒЗИ сәулелік диагностика бөлімінің меңгерушісі Н.А. Рубцованың семинары- Ұлттық зертханалық медицина форумы
Қазан	<ul style="list-style-type: none">- И.П. Сеченов атындағы Бірінші Мәскеу мемлекеттік медицина университетімен ынтымақтастық туралы келісімге қол қою- Университет еріктілерінің ДДҰ-ның алғашқы медициналық-санитариялық көмек жөніндегі жаһандық конференциясына қатысуы- Эгей университетімен өзара түсіністік туралы меморандум жасасу- Студенттер қатарына қабылдау- «Таза Qazaqstan» экологиялық акциясы- ҚХР, Бейжің қаласында өткен «Бір белдеу және бір жол» халықаралық ынтымақтастық форумында BGI Genomics компаниясымен меморандумға қол қою- «Фармация», «Химия» және «Қоғамдық денсаулық» бойынша халықаралық студенттік олимпиада- «Қазіргі фармация: білім берудегі жаңа тәсілдер және өзекті зерттеулер» III халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы- «Тыныс алу медицинасындағы инновациялық технологиялар» X конгресі- Түркістан қаласында Қазақстан Республикасы оториноларингологтарының үшінші съезі



Қараша	<ul style="list-style-type: none">- «Қан тапсыр – өмірді сақта!!!» ұранымен жыл сайынғы «Донор күні» акциясы- Erasmus MC бауыр трансплантациясы орталығымен өзара түсіністік туралы меморандум жасасу- AccelEd жобасы аясында «Мейіргер ісінің үштұғырлығы: клиникалық практика, зерттеулер және білім беру» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы- «Қоғамдық денсаулық және санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық саласында кадрлар даярлаудың өзекті мәселелері» атты дөңгелек үстел- «Қазақстанның респираторлық медицинасы: көзқарастар мен шешімдердің эволюциясы» II ұлттық респираторлық медицина конгресі- Жас денсаулық сақтау көшбасшыларының «Инновацияларды ынталандыру» бірінші республикалық форумы- Университетте GE HealthCare Academy Орталық Азиядағы бірінші оқу орталығын ашу- Ортопедиялық стоматология бойынша III студенттік олимпиада: Білімдегі құзыреттілік пен бәсекелестік рухы.- «Қолданбалы бағдарламаларды пайдалану арқылы биостатистика негіздері (MS Excel, SPSS Statistics)» тақырыбында семинар
Желтоқсан	<ul style="list-style-type: none">- «Medical Global Forum» ғылыми және әлеуметтік жобалар көрмесі- АИТВ-ның алдын алу мәселелері бойынша дөңгелек үстел- Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күніне арналған форум- Университетте «MEDICAL Global FORUM» KazMSA ғылыми және әлеуметтік жобалар көрмесінің ашылуы- Y-PEER Kazakhstan еріктілер желісі мен әйелдер күштері альянсының қатысуымен Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күніне арналған Форум- «Астана-Гастро 2023» XVIII халықаралық гастроэнтерологиялық форумы- Аймақтық уротехнологиялық конгрес- Ректор кубогы



Біз туралы қысқаша

«Астана медицина университеті» КеАҚ – еліміздің ең ірі және қарқынды дамып келе жатқан медициналық жоғары оқу орындарының бірі. Жоғары медициналық білім беру саласында жоғары беделге ие, білім беру қызметтерін көрсету саласында да, медицина ғылымы мен клиникалық қызметті дамытуда да өз дәстүрлері бар.

Бұл құжатта Университеттің 2023 жылдың қорытындысы бойынша қызметі туралы ақпарат ұсынылған, ол мүдделі тараптарға қызықты болуы мүмкін.

Осы құжаттағы ақпарат халықаралық және қазақстандық стандарттар мен нормаларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен Корпоративтік басқару кодексін сақтай отырып, ашылып, көрсетілді.



1-ТАРАУ. УНИВЕРСИТЕТ ТУРАЛЫ

Құрылған / қайта құрылған күні

1964 жылғы 26 қазанда Целиноград қаласында Қазақстан Республикасы Министрлер Кеңесінің қаулысымен Целиноград мемлекеттік медицина институты құрылды.

1997 жылы институт Ақмола мемлекеттік медицина академиясы, ал 2003 жылы Қазақ мемлекеттік медицина академиясы болып қайта құрылды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 13 мамырдағы № 451 қаулысымен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Қазақ мемлекеттік медицина академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мемлекеттің жарғылық капиталына жүз пайыз қатысуымен «Қазақ медициналық академиясы» акционерлік қоғамы болып қайта құрылды.

2009 жылғы 6 қаңтарда «Қазақ медицина академиясы» АҚ Ұлттық медицина холдингінің құрамына енген «Астана медицина университеті» АҚ болып қайта құрылды. 2010 жылғы 13 шілдеде Университеттің мемлекеттік акциялар пакетін иелену және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне берілді.

«Астана медицина университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2019 жылғы 8 ақпандағы №167 бұйрығына сәйкес ұйымдық-құқықтық нысан «Астана медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Университет) өзгерді.

Жалғыз акционер

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі.

Миссиясы

Халық денсаулығының қазіргі және жаңа сын-тегеуріндеріне жауап бере алатын бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау, жаңа білім мен инновацияларды қалыптастыру, ұлттық және жаһандық денсаулық сақтаудың ғылыми-технологиялық дамуына жәрдемдесу.

Көзқарасы

QS WUR және/немесе QS EЕCA топ-700 құрамына кіретін, ғылым, білім және тәжірибенің үштұғырлығы қағидаттарында үздіксіз дамып келе жатқан әлемдік деңгейдегі зерттеу университеті, онда бір миссиядан шабыттанған кәсіпқойлардың күш-жігері біріктірілген.

Қызмет түрлері

1) білім беру саласындағы құқықтық актілерде көзделген жоғары медициналық және фармацевтикалық білімі бар білікті мамандарды даярлау;

2) резидентурада жоғары білікті медициналық кадрларды және магистратура мен докторантурада (PhD) жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау;

3) жоғары кәсіптік білімі бар денсаулық сақтау саласының қызметкерлерін, сондай-ақ жоғары білікті ғылыми-педагогикалық қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

4) денсаулық сақтау және медициналық білім беру проблемалары бойынша іздестіру, іргелі, қолданбалы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу

1) 5) университет Жарғысына сәйкес басқа да қызмет түрлері.

Аккредитация

Ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын растау – халықаралық танылған аккредиттеу агенттіктерінде (Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясының мойындауы бар) институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуден табысты өту.

2023 жылы Университет 9 білім беру бағдарламасы бойынша аккредиттеуден өтті, оның ішінде бакалавриат – 2, резидентура – 2, магистратура – 2, докторантура – 3. Қосымша және



бейресми институционалдық аккредиттеуден (үздіксіз кәсіби даму), сондай-ақ симуляциялық орталықты институционалдық аккредиттеуден сәтті өтті.

Британдық QS компаниясының кешенді бағалауының қорытындысы бойынша Университет жоғары балл алып, «3 жұлдыз» бағасына ие болды, сондай-ақ 2 санат бойынша (оқыту және жұмысқа орналасу мүмкіндігі) 4 жұлдыз алды.

Стратегиялық бағыттары

Университеттің негізгі басым міндеттері денсаулық сақтау саласында бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие мамандарды шығаруға бағытталған. Университеттің 2022-2026 жылдарға арналған ұзақ мерзімді стратегиясы бес стратегиялық бағыт бойынша дамуды қамтиды:

1. Сұранысқа ие мамандықтар мен мамандандырулар бойынша бәсекеге қабілетті және кәсіби-құзыретті денсаулық сақтау мамандарын даярлау;
2. Зерттеу университетіне трансформациялау және оны денсаулық сақтау практикасы мен саясатына жаңа білім мен инновацияларды таратудың жетекші орталығы ретінде дамыту;
3. Университетті білім, ғылым және практиканың үштұғырлығы негізінде жұмыс істейтін интеграцияланған академиялық медициналық орталық ретінде дамыту;
4. Кадрлық әлеуетті дамыту және университетті басқару және қаржыландыру жүйесін жетілдіру;
5. Университеттің инфрақұрылымы мен материалдық-техникалық базасын дамыту.



2-ТАРАУ. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

2.1 Қаржылық қызметтің нәтижелері

Қаржылық жағдай

2023 жылғы 31 желтоқсандағы активтердің барлығы – 23 393 887 мың теңге, өткен жылмен салыстырғанда 9 829 697 мың теңгеге ұлғайды, оның ішінде қысқа мерзімді активтер – 364 489 мың теңге, ұзақ мерзімді активтер – 9 465 208 мың теңге.

Есепті кезеңнің соңында қысқа мерзімді активтердің қалдығы:

1) ақшалай қаражат – 4 780 029 мың теңге, оның ішінде:

- ағымдағы, корреспонденттік шоттардағы ақша – 958 553 мың теңге;

- депозит – 4 211 620 мың теңге;

- пайдалануға шектелген ақша – 7 030 мың теңге;

- ақшалай қаражаттың құнсыздануынан болған шығындар резерві – 397 174 мың теңге;

2) қысқа мерзімді дебиторлық берешек – 56 633 мың теңге;

3) қорлар – 228 531 мың теңге;

4) басқа қысқа мерзімді активтер – 75 006 мың теңге;

5) сатуға арналған активтер – 5 000 мың теңге.

Есепті кезеңнің соңында ұзақ мерзімді активтердің баланстық құны:

1) ұзақ мерзімді дебиторлық берешек 159 960 мың теңгені құрады;

2) үлестік қатысу әдісімен ескерілетін Инвестициялар – 78 469 мың теңге;

3) инвестициялық мүлік 574 832 мың теңгені құрады;

4) негізгі құралдардың баланстық құны 17 359 448 мың теңгені және материалдық емес активтердің баланстық құны 34 127 мың теңгені құрады;

5) пайдалану нысанындағы актив – 16 997 мың теңге;

6) басқа да ұзақ мерзімді активтер – 24 845 мың теңге.

Есепті кезеңнің соңында университеттің қысқа мерзімді міндеттемелері 11 180 435 мың теңгені, ұзақ мерзімді міндеттемелер 18 285 мың теңгені; меншікті капитал 12 195 157 мың теңгені, оның ішінде шығарылған капитал 11 938 468 мың теңгені, бөлінбеген пайда 256 689 мың теңгені құрады.

Ақша қаражаттарының қозғалысы

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп пайдаланушыларға операциялық, инвестициялық және қаржылық қызмет тұрғысынан есепті кезеңдегі ақша қаражаттарының түсуі мен шығуы туралы ақпаратпен қамтамасыз ете отырып, кәсіпорынның қаржылық жағдайындағы өзгерістерді бағалауға мүмкіндік береді.

Есеп беру кезінде Тікелей әдіс қолданылды.

Есепті кезеңнің басында ақша қаражатының қалдығы 4 419 981 мың теңгені құрайды;

Есепті кезеңде 17 586 036 мың теңге ақшалай қаражат түсті;

Шығу 16 963 630 мың теңгені құрады;

Есепті кезеңнің соңындағы қалдық – 4 780 029 мың теңге.

Пайда, залал және жиынтық кіріс

Университеттің 2023 жылғы кірісі іс жүзінде 12 422 516 мың теңгені құрады, өткен кезеңмен салыстырғанда 2 679 636 мың теңгеге немесе 27,5%-ға ұлғайып отыр.

Оның ішінде:

өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен табыс өнімді сатудан және қызмет көрсетуден алынған және 2023 жылы 11 425 928 мың теңгені құрап, негізгі қызметтен түскен табыс ретінде көрсетіледі.

2023 жылы сатылған өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны 10 263 692 мың теңгені құрады, оған өнім (жұмыстар мен қызметтер) өндірумен тікелей байланысты нақты шығындар кіреді. Шығындар олардың экономикалық мазмұнына сәйкес келесі элементтер бойынша топтастырылады: материалдық шығындар, еңбекке ақы төлеу шығындары, сақтандыруға аударымдар, негізгі құралдардың тозуы және МеА, басқа шығындар.



2023 жылғы жалпы пайда – 1 162 236 мың теңге, ол өнімді (жұмыстар мен қызметтерді) өткізуден түсетін қаржылық нәтиже болып саналады және негізгі қызмет нәтижесінде өткізуден түскен табыс пен өзіндік құн арасындағы айырма ретінде айқындалады.

2023 жылғы өзге де кірістер – 633 187 мың теңге, олар операциялық жалдаудан, бағамдық айырмадан, шарттық, коммуналдық және т.б. міндеттемелерді уақтылы орындамағаны үшін айыппұл санкцияларынан алынған.

2023 жылғы операциялық шығын 222 382 мың теңгені құрады:

Қаржыландыру бойынша кірістер – жинақ шоттары мен ағымдағы шоттар бойынша банктің сыйақысынан алынған 363 401 мың теңге.

2023 жылдың қорытындысы бойынша салық салуға дейінгі пайда 371 979 мың теңгені құрады.

Салық салынғаннан кейінгі таза пайда жалпы алғанда 371 979 мың теңгені құрады.

1-кесте – Қызмет түрлері бойынша 2023 жылғы кірістер

№	Атауы	2021 жылғы факт	2022 жылғы факт	2023 жыл		Жоспардан ауытқу фактісі	
				2-ші жартыжылдықты нақтылау	Факт	абс. (+,-)	салыс т. (%)
	КІРІСТЕР, барлығы	7 624 639	9 742 880	11 981 349	12 422 516	(441 167)	103,7
1	Мемлекеттік органдардың кірістері	4 250 218	5 159 822	6 460 700	6 469 994	(9 294)	100,1
2	Өнімді басқа тұтынушыларға сатудан түскен кірістер	3 118 344	3 994 308	4 687 530	4 955 934	(268 404)	105,7
3	Сыйақы түріндегі кірістер	115 149	190 950	500 000	363 401	136 599	72,7
4	Өтеусіз алынған активтерден түсетін кірістер	-	5 902	-	5 599	(5 599)	-
5	Активтердің шығуынан түсетін кірістер	4 417	-	-	-	-	-
6	Операциялық және тұрғын үй-жайларды жалға беруден түсетін кірістер	90 050	189 514	156 694	157 210	(516)	100,3
7	Бағамдық айырмашылық бойынша кірістер	9 346	68 113	50 000	-	50 000	0,0
8	Басқа кірістер	37 115	134 271	126 425	470 378	(343 953)	372,1

Университеттің 2023 жылғы шығыстары барлығы 12 050 537 мың теңгені құрады, алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 2 589 590 мың теңгеге немесе 27,37%-ға ұлғайды.

Әкімшілік шығыстар – 1 384 618 мың теңге, өткен жылмен салыстырғанда 472 319 мың теңгеге ұлғайды.

Басқа шығыстар – 402 227 мың теңге.



2-кесте – 2023-жылғы шығыстар баптар бөлінісінде

№	Атауы	2021 жылғы факт	2022 жылғы факт	2023 жыл		Жоспардан ауытқу фактісі	
				2-ші жартыжылдықты нақтылау	Факт	абс. (+,-)	салысты. (%)
	ШЫҒЫНДАР, барлығы	7 612 848	9 460 948	11 923 640	12 050 537	(126 897)	101,1
1	Қорлар (есептен шығару)	105 272	75 656	321 604	168 840	152 764	52,5
2	Қызметкерлерге еңбекақы төлеу	5 159 123	6 525 155	7 679 824	7 305 407	374 417	95,1
3	Коммуналдық шығындар	144 688	129 630	228 840	165 414	63 426	72,3
4	Байланыс қызметтері	25 511	41 066	81 375	71 438	9 937	87,8
5	Материалдық емес активтерге қызмет көрсету	17 829	51 644	32 820	22 421	10 399	68,3
6	Жеткізушілер мен мердігерлерден алынған жұмыстар (қызметтер)	497 472	401 309	1 302 684	1 296 265	6 419	99,5
7	Сақтандыру	3 579	3 299	6 264	3 267	2 997	52,2
8	Салықтар және әлеуметтік аударымдар	489 333	726 779	771 822	789 689	(17 867)	102,3
9	Амортизация	366 478	338 706	574 269	470 816	103 453	82,0
10	Іссапар шығындары	18 077	61 113	168 399	110 554	57 845	65,7
11	Өрт қауіпсіздігі және арнайы талаптарды сақтау	929	6 356	25 241	9 821	15 420	40,0
12	Өкілдік шығындар	2 124	1 642	8 801	8 939	(138)	98,5
13	Директорлар кеңесін (Қадағалау кеңесін) қолдау, оның ішінде сыйақы	8 470	10 260	13 340	12 067	1 273	90,5
14	Бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	49 266	59 424	49 435	49 828	(393)	100,7
15	Банк қызметтері	2 572	789	2 632	871	1 761	33,1
16	Іс-шаралар	722 125	1 028 120	656 290	1 564 900	(908 610)	238,4
17	Басқа шығындар	11 791	281 932	57 709	371 979	(314 270)	644,5

Капитал

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша меншікті капитал – 12 195 157 мың теңге, өткен жылмен салыстырғанда 375 769 мың теңгеге ұлғайды, оның ішінде:

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Университеттің жарғылық капиталы 11 938 468 мың теңгені құрады. Есепті кезеңде жарғылық капитал өзгерген жоқ.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы бөлінбеген пайда сальдосы 256 689 мың теңгені құрайды.



3-кесте – 2023 жылдағы күрделі шығындар

№	Атауы	2021 жылғы факт	2022 жылғы факт	2023 жыл		Жоспардан ауытқу фактісі	
				2-ші жартыжылд ықты нақтылау	Факт	абс. (+,-)	салыс т. (%)
1	Негізгі құралдар	167 440	257 743	1 188 051	1 257 551	(69 500)	105,8
1.1.	Басқа да негізгі құралдар	606	116 277	192 151	171 316	20 835	89,2
1.2.	Медициналық жабдықтар	11 847	2 487	344 429	50 412	294 017	14,6
1.3.	Көрнекі құрал	5 235	6 644	325 598	853 737	(528 139)	262,2
1.4.	Компьютерлер және кеңсе техникасы	118 202	80 212	152 852	70 569	82 283	46,2
1.5.	Қатты құралдар	1 442	4 650	112 117	94 785	17 332	84,5
1.6.	Оқу әдебиеті	30 108	35 183	46 914	28 608	18 306	61,0
1.7.	Автокөлік		12 290	13 990	-	-	-
2	Материалдық емес активтер	36 585	360	740	440	300	59,5
2.1.	Бағдарламалық қамтамасыз ету		360	740	440	300	59,5
2.2.	Электрондық оқулықтар	36 585	-				
3	Құрылыс және жөндеу бойынша инвестициялар	0	14 763	20 150	3 498	16 652	17,4
3.1.	Күрделі жөндеу	-	-	12 650	-	-	-
3.2.	ЖСҚ әзірлеу	-	14 763	7 500	3 498	4 002	46,6
3.3.	Авторлық кадағалау		-				
3.4.	Техникалық кадағалау		-				

Университетті қаржыландыру тетіктерін жетілдіру бөлігінде: ақылы білім беру қызметтері құнының өсуі (7-ден 29%-ға дейін), гранттар құнының өсуі (бұл қосымша кірісті ұлғайтуға мүмкіндік берді), ақылы негізде білім алушылардың өсуі (гранттарды квоталау есебінен) негізінде университеттің кірістері ұлғайды, бұл ақылы негізде талапкерлердің 65%-ын қабылдауға, оқытудың барлық деңгейлерінде ақылы негізде ЖОО-ға түсушілердің санын (15-30%-ға өсу) өсіруге ықпал етті, сондай-ақ ғылыми жобалар бойынша қаржыландыру көлемінің өсуі негізінде.

2024 жылға жөндеуге 5 млрд. теңге, білім беру процесін жақсарту үшін негізгі қорларды жаңарту, ЕБК құруға республикалық бюджеттен инвестициялар тарту – 2,5 млрд. теңге бөлу, ғылыми гранттар тарту – 1 млрд. теңгеден кем емес сомаға, жатақханалар салуға жеке инвестициялар тарту – 12 млрд. теңге жоспарланған. Сондай-ақ, келесі жылы эндаумент қорының жұмысын бастау, университеттегі бюджетті мектеп деңгейіне дейін орталықсыздандыруға көшу жоспарланды.



2.2. Академиялық қызмет

Академиялық қызметті дамытудың негізгі бағыты тиімді білім беру ортасын құру болып саналады. Д Ол үшін есепті жылы білім беру бағдарламаларын бағалаудың жаңа моделін әзірлеу бойынша іс-шаралар қамтамасыз етілді, 7 білім беру бағдарламаларын халықаралық аккредиттеу және қосымша білім беру ұйымы ретінде ЖОО-ны институционалдық аккредиттеу қамтамасыз етілді, QR негізінде студенттерге сауалнама енгізілді, академиялық саясат және оқу процесін ұйымдастыру бойынша бірқатар ішкі нормативтік құжаттар қайта қаралды. Мемлекеттік тапсырыс бойынша түсушілерді квоталауды енгізу шарт бойынша түсушілердің үлесін 29%-дан 65%-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Саланың және сабақтас салалардың қажеттілігін ескере отырып, білім беру бағдарламаларының спектрін кеңейту бөлігінде:

- емтихандардың бейне және аудиожазбасы қамтамасыз етілді;
- шетелдіктерге арналған орыс тілін оқыту (Foundation) бойынша дайындық курстары ұйымдастырылды;
- білім беру бағдарламаларының тиімділігіне бағалау жүргізілді, кейіннен ҒЖБМ тізілімінде жаңартылды;
- бакалавриаттың 5 жаңа білім беру бағдарламасы, оның ішінде Astana IT University-мен бірлескен бағдарлама, сондай-ақ магистратураның 6 бағдарламасы, оның ішінде Израиль, Литва, Сингапур ЖОО-ларымен, QazBioPharm холдингімен, Ұлттық қорғаныс университетімен бірлесіп әзірленді және енгізілді.

Университетте үздіксіз білім берудің кеңейтілген жүйесі бар, оған мыналар кіреді: бакалавриат, жоғары оқу орнынан кейінгі (магистратура, докторантура, интернатура, резидентура) және қосымша білім.

Университет есепті жылдың соңында 61 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын, оның ішінде 12 бакалавриат бағдарламаларын, 8 магистратура бағдарламаларын, 5 докторантура бағдарламаларын, 36 резидентура бағдарламаларын іске асырады.

4-кесте – Білім берудің әрбір деңгейі бөлінісінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларының саны

Білім деңгейі		2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
академиялық бакалавриат	Медицина мектебі	1	1	1
	Стоматология мектебі	1	1	2
	Педиатрия мектебі	1	1	3
	Қоғамдық денсаулық және менеджмент мектебі	1	1	2
	Фармация мектебі	1	1	1
	Мейіргер ісі мектебі	2	3	3
магистратура		10	9	8
докторантура		4	4	5
резидентура		37	35	36
Барлығы		58	56	61

Медицина мектебі 6В10123 «Медицина» мамандығы бойынша 2023 жылға арналған «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша медицина магистрі дәрежесін бере отырып, оқу мерзімі (6 жыл), «дәрігер» (Денсаулық сақтау бакалавры) біліктілігін, интернатураны бітіргені туралы куәлік бере отырып, жаңа интеграцияланған бағдарлама әзірлеп, бекітті.

Стоматология мектебі 6 жыл оқу мерзімімен 6В10124 «Стоматология» үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламасын (ҮИМБ) іске асырады. Бағдарлама «Кәсіби магистр» академиялық дәрежесін бере отырып, ең көп таралған стоматологиялық



ауруларды диагностикалау, дифференциалды диагностикалау және емдеу дағдыларын меңгерген тіс дәрігерінің тиісті құзыреті бар білікті маман даярлауға бағытталған.

Педиатрия мектебі 2023-2024 оқу жылында 6 жыл оқу мерзімімен медицина магистрі дәрежесін бере отырып, ҮИМБ бойынша 6В10125 «Педиатрия» білім беру бағдарламасын 1-, 2-курс үшін жүзеге асырады. Бағдарлама педиатр дәрігерінің тиісті құзыреттілігі бар білікті маман даярлауға бағытталған, ол балалар жасындағы ең көп таралған ауруларды диагностикалау, дифференциалды диагностикалау және емдеу дағдыларын меңгеріп шығады. Сондай-ақ 3-курс (2023-2024 оқу жылы) үшін 5+1 мерзімімен, денсаулық сақтау магистрі дәрежесін бере отырып, 6В10118 «Педиатрия» білім беру бағдарламасы іске асырылуда.

Қоғамдық денсаулық және менеджмент мектебі 2023-2024 оқу жылында 1-3-курс деңгейінде «Қоғамдық денсаулық», 4-курс деңгейінде «Қоғамдық денсаулық сақтау» және 1-курс деңгейінде «Медициналық-профилактикалық іс» бағдарламаларын іске асырады.

Мейіргер ісі мектебі «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша үш білім беру бағдарламасын (4 жылдық, қысқартылған – 2 жыл 6 ай және 10 ай) іске асырады.

Университетте білім алушылар контингентіне тұрақты бақылау жүргізіледі. Бұл мәселемен Білім алушыларды мониторингілеу және есепке алу орталығы айналысады. Білім алушылар контингенті бакалавриат пен интернатурада – 9 227 және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша – 1566.

Университетте білім алушылар контингентінің өсуі байқалады. Мысалы, есепті оқу жылында білім алушылардың жалпы саны 2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда 1,1%-ға өсті, мемлекеттік грантта білім алушылардың саны есепті жылы 6 555 адамды құрады, бұл жалпы контингенттің 61%-ын құрайды.

5-кесте – Даярлық деңгейлері бөлінісіндегі білім алушылар контингенті

Показатель		2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы*
Бакалавриат интернатура	Грант	5086	5353	5738	5691
	Шарт	2407	2938	2828	3238
	ЖАО	197	230	247	298
	Барлығы	7690	8521	8813	9227
Резидентура	Грант	461	446	452	620
	Шарт	54	86	201	264
	ЖАО	362	437	426	424
	Барлығы	877	969	1079	1308
Магистратура	Грант	74	87	137	143
	Шарт	21	31	14	14
	ЖАО				0
	Барлығы	95	118	151	157
Докторантура	Грант	71	78	91	101
	Шарт	2	2	2	0
	ЖАО				
	Барлығы	73	80	93	101
Барлығы	Грант	5692	5964	6418	6555
	Шарт	2484	3057	3045	3516
	ЖАО	559	667	673	722
	Барлығы	8735	9688	10136	10793

Ескерту: * – 2023.31.12 жағдай бойынша

Мамандықтар бөлінісіндегі білім алушылардың контингенті 1-қосымшада келтірілген.

Университетте қазақ тілінде білім алушылар контингенті 5 540 адамды немесе білім алушылардың жалпы санының 51%-ын, орыс тілінде 3 309 адамды, яғни 31%-ын, сондай-ақ ағылшын тілінде 865 – 8%, және көптілді оқыту топтарында 1 079 – 10% адамды құрайды.



6-кесте – Оқыту тілі бөлінісінде ЖОО-дағы білім алушылар контингенті

Көрсеткіш		2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 уч.год*
Бакалавриат + интернатура	Қазақ тілінде	4006	4325	4697	5114
	Орыс тілінде	2380	2327	2326	2499
	Ағылшын тілінде	803	1044	969	865
	Көптілді топтар	501	825	821	749
Резидентура	Қазақ тілінде			76	426
	Орыс тілінде	877	969	644	552
	Ағылшын тілінде	0	0	0	0
	Көптілді топтар	0	0	359	330
Магистратура	Қазақ тілінде				
	Орыс тілінде	95	118	151	157
	Ағылшын тілінде				
	Көптілді топтар				0
Докторантура	Орыс тілінде	73	80	93	101
Барлығы	Қазақ тілінде	4006	4325	4773	5540
	Орыс тілінде	3425	3494	3214	3309
	Ағылшын тілінде	803	1044	969	865
	Көптілді топтар	501	825	1180	1079

Ескерту: * - 2023.31.12 жағдай бойынша

Білім беру бағдарламаларын интернационалдандыруды күшейту бөлігінде: талапкерлерді тарту географиясы кеңейтілді, алғаш рет шетелдік студенттерді қабылдау Педиатрия, Фармация, Мейіргер ісі сияқты бағдарламаларға жүргізілді, шетелдік жоғары оқу орындарымен 3 бірлескен білім беру бағдарламасы әзірленіп, бекітілді.

Бакалавриат бағдарламаларындағы шетелдік студенттердің саны есепті жылы 1 019 адамды құрады, бұл жалпы контингенттің 14,2%-ын құрайды.

7-кесте – Бакалавриаттағы шетелдік студенттер контингенті

Көрсеткіш	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы*
Барлық білім алушылар	6118	6909	6926	7175
Шетелдік студенттер	928	1215	1038	1019
Білім алушылардың жалпы контингентінен шетелдіктердің үлесі	15,1%	17,5%	15%	14,2%

Ескерту: * - 2023.31.12 жағдай бойынша

Университетте ағылшын тілінде білім беру бағдарламалары жүзеге асырылады. Есепті жылы университетте әлемнің 21 елінен (Моңғолия, Өзбекстан, Үндістан, Түркіменстан, Пәкістан және т.б.) 1 050 шетелдік студент оқиды.

8-кесте – Елдер бөлінісіндегі шетелдік студенттер контингенті

Елдер	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы *
Бакалавриат деңгейінде				
Үндістан	662	816	744	598
Түрікменстан	4	2	1	188
Өзбекстан	80	98	81	71
Пәкістан	13	129	86	63
Моңғолия	31	34	28	29



Елдер	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы *
Иордания	101	91	62	26
Ресей	13	12	11	17
Қытай	5	10	6	7
Ұлыбритания	2	2	4	4
Қырғызстан	1	3	1	2
Әзірбайжан	2	2	2	2
Тәжікстан	2	3	2	1
Оңтүстік Корея	-	1	1	1
АҚШ	-	-	1	1
Ауғанстан	2	2	-	1
Мальдив аралдары	1	1	1	1
Нигерия	-	-	1	1
Венгрия				1
Украина	2	2	-	1
Палестина	-	2	2	1
Жапония	-	-	1	1
Германия				1
Ирак				1
Египет	3	2	1	
Замбия	1	1	-	
Испания	1	1	1	
Иран	1	-	-	
Ирландия	-	-	1	
Грузия	1	1	-	
Бакалавриатта жалпы	928	1215	1038	1019
<i>Интернатура деңгейінде</i>				
Ресей	4	4	8	8
Өзбекстан	24	17	11	7
Моңғолия	1	1	3	6
Тәжікстан	-	-	-	2
Грузия	-	-	1	1
Әзірбайжан	-	1	2	1
Қытай	2	-	1	1
Түрікменстан	-	1	2	1
Түркия				1
Ауғанстан	-	-	1	
Украина	2	-	-	
Қырғызстан	-	1	-	
Үндістан	-	1	1	
Интерндер жалпы	33	25	30	28
<i>Резидентура деңгейінде</i>				
Түрікменстан				1
Моңғолия				1
Украина				1
Резиденттер жалпы				3



Елдер	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы *
Оқытудың барлық деңгейлері бойынша барлығы	961	1240	1068	1050

Ескерту: * - 2023.31.12 жағдай бойынша

Университеттен шығарылған студенттер санының төмендеуі байқалады. Мәселен, есепті жылы университеттен шығарылған студенттер саны 240 құрады, олардың 110-ы немесе 46%-ы шарт талаптарын бұзу себебінен оқудан шығарылды.

9-кесте – Оқудан шығарылған студенттер контингенті (бакалаврлар мен интерндер)

Көрсеткіш	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы*
Өз қалауы бойынша	97	154	249	69
Оқу тәртібін, ішкі тәртіп қағидаларын және оқу орнының жарғысын бұзғаны үшін	15	12	9	11
Оқу үлгерімі үшін	8	6	12	16
Басқа жоғары оқу орындарына ауыстырылды	78	105	43	11
Басқа себептер			66	22
Басқа себептер (өлімге және т.б. байланысты)	2	1	61	1
Оқу ақысын төлемегені үшін (шетелдіктер)		6	429	110
Барлығы	200	284	808	240

Ескерту: * - 2023.31.12 жағдай бойынша

Емтихан сессиялары академиялық күнтізбеге сәйкес өткізіледі. Емтихан ведомостары автоматтандырылған ақпараттық жүйенің көмегімен қалыптастырылып, беріледі.

Қысқы және жазғы сессиялардың қорытындыларын талдау, МАК жұмыстары білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету комитеттерінің, Академиялық кеңестің, Ғылыми кеңестің Академиялық қызмет жөніндегі комитетінің, Ғылыми кеңестің отырыстарында қаралады, онда қызметті жақсартуға бағытталған түзету іс-әрекеттерін көрсете отырып, SWOT-талдау жүргізіледі.

Есепті жылы «Жалпы медицина», «Мейіргер ісі» мамандықтары бойынша білім алушылардың абсолютті үлгерімі мен сапалық көрсеткішінің өсу үрдісі байқалды. «Қоғамдық денсаулық сақтау», «Фармация» мамандықтарының студенттерінде жекелеген көрсеткіштердің төмендеуі білімді бағалау саясатының күшейтілгендігімен түсіндіріледі, бұл ретте жекелеген студенттердің үлгерімінің әлсіздігі базалық білімнің төмен деңгейімен байланысты.

10-кесте – Бакалавриат білім алушыларының үлгерімінің негізгі индикаторлары, балл

Мамандық		2019-2020 оқу жылы		2020-2021 оқу жылы		2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы	
		АҮ	СК	АҮ	СК	АҮ	СК	АҮ	СК
ЖМ	бакалавриат	94	81	88	68	88	68	85,1	66,5
	интернатура	89,8	99,1	80,9	91	100	100	98,5	87,5
Стоматология	бакалавриат	85,2	46,2	85	52	73,5	33	89,6	70,7
	интернатура	98	99,1	99,1	97,7	91,5	64	90,3	76,4
Педиатрия						93	62	82	56
ҚД			88,51	97,58	89,59	96,25	85,47	99,6	97,4
Фармация			99,5	87,93	97,38	64,1	97,3	93,7	69,8
МІ		100	99,2	100	99,2	100	97,5	97	89,5

* СК – сапалық көрсеткіш, АҮ – абсолютті үлгерім

Кесте деректеріне сәйкес жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың сапалық көрсеткіші мен абсолютті үлгерімінің өсу үрдісі байқалады, бұл білімді бағалаудың

күшейтілген саясатымен түсіндіріледі.

11-кесте – Аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім бойынша білім алушылардың үлгерімі

Оқу деңгейі	Оқу жылы					
	2020-2021 оқу жылы		2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы	
	АҮ	СҚ	АҮ	СҚ	АҮ	СҚ
Резидентура	97	96	97	96	98	98
Магистратура	100	100	100	100	100	100
PhD докторантура	100	100	100	100	98	100

Бакалавриат, интернатура және резидентура түлектерінің білімін тәуелсіз бағалау “Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы” РҚБ-да жүргізіледі. Соңғы 3 жылдағы бакалаврлар, интерндер мен резиденттердің білім деңгейі кестеде келтірілген.

12-кесте – Бакалавриат түлектерінің тәуелсіз емтихан нәтижелерінің динамикасы

Білім беру деңгейі	Көрсеткіш	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы
Бакалавриат	Тәуелсіз емтиханға қатысқан бакалавриат түлектерінің саны	241	233	224
	Орташа балл	81	78	80
	Тәуелсіз емтиханды бірден сәтті тапсырған (балдық бағалаудың белгіленген шегінен өткен) бакалавриат түлектерінің үлесі	93,6	88,8	93,3
Интернатура	Тәуелсіз емтиханға қатысқан интернатура түлектерінің саны	699	716	850
	Орташа балл	80,9	93	91
	Тәуелсіз емтиханды бірден сәтті тапсырған (балдық бағалаудың белгіленген шегінен өткен) интернатура түлектерінің үлесі	91	100	98,1
Резидентура	Тәуелсіз емтиханға қатысқан резидентура түлектерінің саны	315	362	393
	Орташа балл	86,6	92	90
	Тәуелсіз емтиханды бірден сәтті тапсырған (балдық бағалаудың белгіленген шегінен өткен) резидентура түлектерінің үлесі	99,4	100	98,4

Жалпы Университет түлектері резидентура, интернатура, Фармация, Мейіргер ісі, Стоматология, Кинезиотерапия бакалавриат бағдарламалары бойынша тәуелсіз емтиханның жоғары нәтижелерін көрсетті.

Оқытушы-профессорлар құрамын үздіксіз педагогикалық дамыту шеңберінде 2023 жылы білім беру технологияларын трансферттеу орталығы 16 оқыту іс-шарасын, оның ішінде шеберлік сыныптарын өткізді. <https://cert.amu.kz> платформасында электрондық форматта оқудан сәтті өткен және растайтын құжаттарды алған 909 қызметкерді құрады, оның ішінде клиникалық тәлімгерлер – 262.

Сондай-ақ, ОПҚ-ны кәсіби дамыту және тәжірибе алмасу мақсатында сыртқы ұйымдардан дәріскерлер тартылды. «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ-да онлайн форматта «Case-based Learning білім беру стратегиясы ретінде» циклі бойынша медициналық білім беру ұйымының жаттықтырушылары мен қызметкерлерін даярлаудың базалық курсы бойынша 5 ОПҚ оқытылды (көлемі – 120 сағат). «Ұлттық тәуелсіз сараптама орталығы» РҚБ сарапшысы «Дағдыларды бағалаудың емтихан материалын әзірлеу әдістемесі (құрастыру және сараптау)» (120 сағат көлемінде) және «Клиникалық сценарийлерді әзірлеу және дағдыларды бағалау (емтихан алушылар) бойынша сарапшыларды даярлау» (120 сағат көлемінде)



тақырыптарында семинарлар өткізді, олардың нәтижелері бойынша 30 ОПК және Университет қызметкерлері оқытылды.

Бұдан басқа, халықаралық ынтымақтастық және үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламаларын іске асыруды бастау шеңберінде MD, отбасылық медицина маманы және стоматологиялық және фармацевтикалық мектептер декандарының білім беру кеңесінің мүшесі, Башкент университетінің медициналық білім беру орталығының қызметкері Fazıl Serdar Gürel академиялық орта қызметкерлеріне «Үздіксіз интеграцияланған медициналық білім берудің кешенді бағдарламасын енгізу» тақырыбы бойынша семинар өткізу үшін тартылды (60 сағат көлемінде), онда 58 тыңдаушы оқытылды.

Университеттің онлайн платформасында (<http://mook.amu.kz/>) ОПК, білім алушылар, мектеп оқушылары және медицина қызметкерлері үшін 28 онлайн курс орналастырылды. Жаппай ашық онлайн курстар платформасында «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ, Астана қаласы әкімдігінің «№5 Қалалық емхана» ШЖҚ МКК, Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық инфекциялық орталық» ШЖҚ МКК, «Ұлттық ғылыми онкологиялық орталық» ЖШС және т.б. ұйымдардың қызметкерлері оқытудан өтті.

Апробация қорытындысы бойынша білім беру технологияларын қолдана отырып, сабақтардың тиімділігін бағалау білім беру технологиялары трансферті орталығы өкілдерінің қатысуымен ашық сабақ түрінде жүргізіледі және сабақ бейне-тіркеумен бақыланады. Апробация нәтижелерін бағалау рәсімі университеттің ішкі нормативтік құжаттарында жазылған білім беру технологияларын қолдана отырып оқыту сапасын анықтау мақсатында білім алушыларға сауалнама жүргізу арқылы жүргізіледі.

Орталық қызметкерлері білім беру технологияларын тұрақты негізде енгізу мәселелері бойынша консультациялар өткізеді. 2023 жылы жаңа білім беру технологиялары (ЖБТ) бойынша енгізілген актілер саны – 77. Оның ішінде есепті кезеңде кафедралардың оқу процесіне ЖБТ мынадай түрлері енгізілді:

- PBL, TBL, D-PBL, RBL, CBL сияқты 44 білім беру технологиясы;
- симмуляциялық технологиялар – 10;
- интерактивті оқыту әдістері, соның ішінде e-learning – 23.

13-кесте – Инновациялық білім беру технологияларын қолдануды сипаттайтын көрсеткіштер динамикасы, %

Көрсеткіш		2021 ЖЫЛ	2022 ЖЫЛ	2023 ЖЫЛ
Өз жұмысында инновациялық білім беру және цифрлық технологияларын қолданатын (және осы технологиялар бойынша тиісті білімі бар) ОПК үлесі, %	Всего	27,7	42	47,5
	PBL	3,7	8,9	11
	TBL	5,7	7	9,7
	CBL	3,2	5,7	7,9
	RBL	2	4,1	8,4
	Цифрлік және т.б.	3,1	34,2	38,5
Инновациялық белсенділік индексі		60	79,6	79,6

Өз жұмысында белсенді білім беру және цифрлық технологияларды қолданатын ОПК үлесінің жыл сайын өсуі байқалады. 2022 жылмен салыстырғанда көрсеткіш 1,1%-ға артып, 47,5% құрады.

2024 жылға арналған академиялық қызметті одан әрі дамыту үшін Coursera бағдарламаларын білім беру процесіне енгізу, цифрлық саладағы құзыреттер бойынша ОПК әлеуетін арттыру, «Оқу процесін материалдық-техникалық жарақтандыру» жобасын іске қосу, базалық пәндер бойынша ҰТЕО тәуелсіз емтиханы және плагиатқа қарсы жазбаша емтихандарды тексеру жөніндегі іс-шаралар, IELTS, TOEFL, сондай-ақ одан әрі жақсарту үшін ҮИМБ білім беру бағдарламаларын салыстыру, кестені автоматтандыру, педагогикалық жүктемені есепке алу, білім беру бағдарламаларын бағалау, білім беру бағдарламаларының спектрін, оның ішінде жоғары оқу орындарымен және ҚР ҒЗИ-мен бірлескен бағдарламаларды



кеңейту, білім берудің барлық деңгейлерінде қашықтықтан оқыту практикасын кеңейту жоспарланды.



2.3. Ғылыми қызмет

Ғылыми қызметті дамыту бөлігінде ғылыми және инновациялық қызмет саласындағы кадрлық әлеуетті дамыту басым бағыт болып саналады. Осы бағыт шеңберінде:

- ғылыми белсенділікті қолдауға арналған қаражат пулы болып саналатын «Ғылым қоры» 2 есеге ұлғайды (198,5 млн. тг.);
- мақалалар үшін ынталандыру төлемдерінің көлемі 1,8 есе өсті (49,9 млн. тг.);
- ғылыми қызметкерлер пулы 1,7 есе өсті, сонымен қатар ғылыми қызметкерлердің (59 дана) және оқытушы-зерттеушілердің (17 дана) ставкалары да өсті;
- шетелдік визитинг-профессорлары 200-ден астам тұлғаны ғылыми құзыреттіліктер бойынша оқытты;
- «Болашақ – 500 ғалым» бағдарламасы бойынша АҚШ-қа 2 ғалым жіберілді, сондай-ақ 3 ғалымға 2024 жылы тағылымдамадан өтуге стипендия бөлу мақұлданды.

Өткізілген іс-шаралар жоғары рейтингтік басылымдардағы жарияланымдар санының да, Хирштің орташа индексінің де, Хирш индексі жоғары қызметкерлердің үлесінің және рейтингтік басылымдардағы жарияланымдардың да өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

14-кесте – Ғылыми-зерттеу қызметінің негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіш	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
Web of Science немесе Scopus базасы бойынша өндірістік персоналдың Хирш орташа индексі	0,36	0,45	0,57
Web of Science, Scopus-та индекстелген журналдардағы мақалалар саны, барлығы	81	105	143
оның ішінде Q1-Q2 квантили бар журналдарда	23	46	81
Q3-Q4 квантили бар журналдарда	58	59	62
Web of Science немесе Scopus-та индекстелген халықаралық рейтингтік журналдарда соңғы бес жыл ішінде жарияланған мақалалар санының штаттық ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық персонал санына қатынасы	1:9	1:2,4	1:2
Web of Science не Scopus базасы бойынша жоғары академиялық жетістіктері бар ОПК мен ғылыми қызметкерлердің үлесі: Q1-Q2 журналдарындағы мақалалар (есепті жылы), %	2,1	5,4	11,1
Web of Science немесе Scopus базасы бойынша жоғары академиялық жетістіктері бар ОПК және ғылыми қызметкерлердің үлесі: Хирш индексі кемінде 3, %	1,5	4,8	6,6

Есепті жылы қызметкерлер мен білім алушылардың ғылыми және зерттеу қызметі үшін тиімді инфрақұрылымды қалыптастыру бөлігінде 2 ғылыми-зерттеу институты ашылды: Академик Е.Д. Дәленов атындағы профилактикалық медицина ғылыми-зерттеу институты және академик Ж.Х. Хамзабаев атындағы радиология ғылыми-зерттеу институты.

Академик Е.Д. Дәленов атындағы ҒЗИ қызметі магистратура, докторантура, постдокторантура арқылы профилактикалық медицина (бұдан әрі – ПМ) саласында жоғары білікті кадрларды даярлауға, аурулардың бастапқы, қайталама, үшінші профилактикасының ғылыми және білім беру негізін құруға, ПМ, салауатты өмір салты, қоршаған ортаны қорғау және еңбек гигиенасы саласындағы ғылыми зерттеулерге, жаңа мамандарды әзірлеуге, сондай-ақ білім беру ұйымдарында СӨС, ұтымды тамақтану және т.б. енгізуге бағытталған.


Академик Ж.Х. Хамзабаев атындағы ҒЗИ сәулелік диагностиканың өзекті мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыруға, еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, радиология саласындағы ғылыми зерттеулер мен білім беру бағдарламаларын интеграциялауға, нормативтік-құқықтық актілерді, ғылыми-техникалық құжаттарды, радиологиядағы клиникалық хаттамаларды және т.б. әзірлеуге қатысады.




Жаңа ғылыми жабдықты сатып алу үшін (ҒЗИ, зертхана, виварийде) 2024 жылғы даму жоспарына 332 млн. теңгеге енгізілді, инвестициялық жобаға 2,5 млрд. теңгеге жабдық енгізілді;

Қашықтықтан медициналық қызметтерді дамыту және Big Data талдау бойынша құзыреттілік орталығы құрылды.

Мұның бәрі ғылыми конкурстарға берілген өтінімдер санының, алынған қорғау құжаттарының санының өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.




1-сурет – Ғылыми конкурстарға берілген өтінімдер саны




2-сурет – Алынған қорғау құжаттарының саны

- Есепті жылы ғылыми-зерттеу қызметінің менеджмент тетіктерін жетілдіру бөлігінде:
- білім алушылар мен қызметкерлер үшін ЖОО ішіндегі гранттар бөлінді: жалпы сомасы 138,3 млн.теңгеге 3 инновациялық және 6 ғылыми жоба;
 - 12 жаңа жоба іске қосылды: оның ішінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2 гранты, 2 клиникалық зерттеу, ЖОО ішіндегі 8 грант;
 - ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 3 конкурсына 58 өтінім берілді;
 - ғылыми-техникалық кеңес құрылды, ол 24 отырыс өткізілді, ғылыми қызметті ұйымдастыруға және мониторингке байланысты 78 мәселе қаралды;
 - ғылыми тағылымдамалар мен конференцияларға жіберу рәсімдері жеңілдетілді.


Мұның бәрі орындалатын зерттеулер санының және ғылыми зерттеулерге тартылған қаржыландыру көлемінің өсуін, жалпы бюджеттегі ғылыми қызметтен түсетін кірістер үлесінің және ЖОО-ның ғылыми қызметке салған инвестициялар үлесінің өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.



3-сурет – ҒЗЖ қаржыландыру көлемі, млн. тг.



4-сурет – Жалпы бюджеттегі ғылыми қызметтен түсетін кірістердің үлесі, %




5-сурет – Жалпы бюджеттен ғылыми қызметке инвестициялардың үлесі, %


Ағымдағы жылы білім алушыларды ғылымға тарту және жас ғалымдарды қолдау үшін тиімді орта құру бөлігінде:

- диссертациялық кеңестің құрамы күшейтілді;
- магистратура мен PhD докторантурада даярлау тәртібі мен құзыреттері бойынша ішкі нормативтік құжаттар қайта қаралды;
- магистратураның жаңа бағдарламалары (EMBA, биологиялық қауіпсіздік) іске қосылды;
- постдокторантура институтын дамыту қамтамасыз етілді (2 жаңа постдокторлық зерттеу іске қосылды және жаңа конкурсқа 9 өтінім берілді);
- білім алушылар арасында ЖОО ішіндегі гранттарға конкурс өткізілді.

Жүргізілген жұмыстар магистратура мен докторантурада білім алушылар контингентін, білім алушылардың мақалалары мен қорғау құжаттарының санын ұлғайтуға мүмкіндік берді.



6-сурет – Магистратурада, докторантурада білім алушылар контингенті



7-сурет – Web of Science, Scopus басылымдарында білім алушылар мақалалары

8-сурет – Білім алушылардың қорғау құжаттары

2024 жылға арналған одан әрі қадамдар ретінде ынталандырушы төлемдерді әрі қайта қарау (Q1 және Q2-ге баса назар аудара отырып, дәйексөз келтіру), PhD даярлауға ЖОО ішіндегі гранттарды іске қосу, ғалымдарды тарту мен молайтудың жаңа саясатын қабылдау, жаңа ҒЗИ (геномдық зерттеулер, жүрек ритмі) құру, ҒЗИ мен зертханалардың материалдық-техникалық базасын жаңғырту, беделді деректер қорларына қол жеткізуді кеңейту, Big Pharma қаржыландыратын клиникалық зерттеулерді іске қосу, сондай-ақ PhD докторантура бағдарламаларына және басқа да іс-шараларға OPHEUS стандарттарын енгізу жоспарланды.



2.4. Клиникалық қызмет


Клиникалық қызметті дамыту шеңберінде:

- екі құзыреттілік орталығын ашу бойынша жобалар іске қосылды (нефрология және жұқпалы аурулар бойынша);
- Академик Ж.Х. Хамзабаев атындағы радиология ҒЗИ базасында Қазақстандағы алғашқы GE HealthCare Academy оқу орталығы құрылды;
- резидентура деңгейінде құжаттарды қабылдау, түсу емтихандары және үміткерлерді конкурстық іріктеу бойынша бизнес-процестерді автоматтандыру жүргізілді;
- Ұлттық қорғаныс университетімен пилоттық жобаны іске қосумен әскери дәрігерлерді даярлау саласындағы ынтымақтастық туралы уағдаластыққа қол жеткізілді;
- Симуляциялық орталық халықаралық институционалдық аккредиттеу рәсімінен сәтті өтіп, 5 жыл мерзімге аккредиттелді.

Университетте жоғары оқу орнынан кейінгі клиникалық дайындық Резидентура мектебі деңгейінде жүзеге асырылады, ол 43 клиникалық кафедрада 37 аккредиттелген қолданыстағы білім беру бағдарламасын жүзеге асырады. Клиникалық кафедралардың саны академик Ж.Х. Хамзабаев атындағы радиология ҒЗИ құру және оңтайландыру есебінен 46-дан 43-ке дейін азайды, оның құрамына 2 клиникалық кафедра кірді.

Практикалық денсаулық сақтау қажеттілігінің өсуіне және салада кадр тапшылығының болуына байланысты республикалық бюджет қаражаты есебінен де, жергілікті атқарушы органдардың (ЖАО) қаражаты есебінен де резидентурада медициналық кадрларды даярлауға мемлекеттік тапсырыс көлемінің өсуі байқалады.

Оқу жылында резидентураға қабылданған білім алушылардың саны 686 резидентті құрады, оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен – 360, ЖАО қаражаты есебінен – 194, өз қаражаты есебінен – 132.



9-сурет – Резидентураға қабылдау динамикасы

Соңғы 4 жылда резидентураға қабылдаудың оң динамикасы байқалады, бұл дайындыққа деген сұраныстың артып келе жатқанын көрсетеді. 2023 жылы үміткерлер тарапынан ең көп сұранысқа ие білім беру бағдарламалары: «Ересектер, балалар эндокринологиясы» – 1 орынға 13 адам бәсекелесті, «Ересектер, балалар гастроэнтерологиясы» – 8 адам, «Ересектер, балалар дерматовенерологиясы» – 6 адам, «Радиология» – 6 адам, қалған білім беру бағдарламаларына 1 орынға 3 адам конкурсқа қатысты.

Сондай-ақ, бітіру курстарының резиденттері жыл сайын ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы өткізетін тәуелсіз бағалаудан өтудің тұрақты жоғары көрсеткіштерін көрсетеді. Тәуелсіз емтихан тапсырған резидентура бағдарламалары түлектерінің үлесі 99,2% құрады.

Резидентураға түсу емтихандарының өзіндік форматын енгізу, сондай-ақ бизнес-процестерді автоматтандыру үміткерлер легіне қызмет көрсету уақытын, апелляциялық жағдайлардың санын, үміткерлер тарапынан шағымдар мен наразылықтарды айтарлықтай қысқартуға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге әкелді.



Денсаулық сақтау саласындағы білім беру процесі клиникалық базаларсыз мүмкін емес, олардың саны жылдан жылға артып келеді. Есепті жылдың соңында университеттің клиникалық базалары бірлескен қызмет туралы шарттар негізінде Астана қаласының 86 Денсаулық сақтау ұйымы болып саналады, оның ішінде 41 медициналық орталық немесе 47,7% жеке меншік нысанындағы денсаулық сақтау ұйымдары. Егер 2017 жылы клиникалық базалардың саны 66 болса, 2022 жылға қарай олардың саны 93 болды. 2023 жылы медициналық ұйымдардың клиникалық базалар тізбесінен алып тастай отырып, тізімді тексеру және өзектендіру есебінен клиникалық базалар саны төмендеді, олардың қызметтерінен талап етілмеуіне байланысты бас тарту туралы шешім қабылданды.

Клиникалық қызметтің негізгі көрсеткіштерінің өсуі байқалады: БҰДЖ-да жұмыс істейтін клиникалық кафедралардың ОПК үлесі 1,6%-ға ұлғайды, МО консультативтік және практикалық көмек көрсету үшін өңірлерге шығу саны 2,3%-ға өсті. Кафедралардың ОПК клиникалық қызметінің көрсеткіштерінің бірі – жүргізілген консультациялар мен консилиумдар, операциялар саны. Осылайша, 2023 жылы консультациялар саны 2022 жылғы 75 963-тен 119 569-ға дейін, яғни 1,5 есеге өсті. Консилиумдар саны да 1,3%-ға өсті, жүргізілген операциялар саны да 1,2%-ға өсті.

15-кесте – Клиникалық қызметтің негізгі көрсеткіштері

Индикаторы	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
БҰДЖ-да жұмыс істейтін клиникалық кафедралардың ОПК үлесі (клиникалық бейіндегі маман ретінде денсаулық сақтау ұйымдарымен келісімшарты бар)	39%	40%	65%
Медициналық ұйымдарға / денсаулық сақтау субъектілеріне консультациялық және практикалық көмек көрсету үшін өңірлерге шығу саны және т.б.	1333	2363	5435
Өткізілген ӨНЗК / БАК саны	1127	1109	2132
Клиникалық кафедра оқытушыларының практикалық денсаулық сақтауда диагностика мен емдеудің енгізілген инновациялық әдістерінің саны (енгізу актілері)	40	40	37
Клиникалық базаларда (КБ) жүргізілген консультациялар саны	116502	75963	119569
КБ-да өткізілген консилиумдар саны	18596	9144	12438
КБ-да жүргізілген операциялар саны	16845	9750	12035
КБ-да өткізілген оқытулар саны	1554	745	1002

Симуляциялық орталықты жаңғырту бойынша жобаны іске асыру жалғасуда. Есепті жылы орталықтың ауданы 19 бірлікке дейін симуляциялық кабинеттер санының ұлғаюымен 1 793,8 м2 дейін кеңейтілді. 975 млн. теңге сомасына 392 бірлік жабдық жеткізілді (неонатология және педиатрия, хирургия, акушерия және гинекология, терапия, реанимация, ультрадыбыстық диагностика және тар мамандардың кабинеттері жарақтандырылды). 104 оқытушы жаңа жабдықпен жұмыс істеу үшін оқытылды. Сондай-ақ халықаралық сертификаты бар 4 жаттықтырушы дайындалды. Бұл курстар оқытушыларға халықаралық сертификаттар беру құқығымен халықаралық жаттықтырушы мәртебесін береді, бұл орталық базасында ақылы қызметтерді дамытуға ықпал етеді.

Орталық «SESAM» халықаралық симуляциялық оқыту қауымдастығына институционалдық мүшелікке ие болды, сондай-ақ Орталықтың барлық қызметкерлері халықаралық серіктестікті дамытуға және симуляциялық технологияларды одан әрі дамытуға ықпал ететін «ROCOMED» халықаралық қауымдастығының мүшелері болып есептеледі.

Бұдан басқа, «1 станция – 1 кабинет» форматында бейнежазбаны пайдалана отырып 753 түлек үшін қорытынды емтиханды және 6150 студент үшін ОСКЭ-ны өткізу енгізілді, пилот режимінде стандартталған пациенттер ретінде кәсіби актерлермен сабақтар өткізілді.

Жүргізілген жұмыс Симуляциялық орталық қызметінің негізгі көрсеткіштерін ұлғайтуға мүмкіндік берді: қорытынды бақылау симуляциялық орталықтың ресурстарын пайдалана

отырып жүргізілетін клиникалық пәндердің үлесі 1,7%-ға өсті, клиникалық сценарийлер базасы 45 сценарийге дейін кеңейтілді, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 1,8 есе көп.

16-кесте – Білім алушылардың клиникалық дайындығының негізгі көрсеткіштері

Индикаторлар	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
Қорытынды бақылау симуляциялық орталықтың (ОСКЭ) ресурстарын пайдалана отырып жүргізілетін клиникалық пәндердің үлесі	0%	26%	44%
Симуляциялық орталықтың арсеналындағы клиникалық сценарийлер саны	18	25	45
Симуляциялық жабдықты қолдана отырып өткізілген іс-шаралар саны (шеберлік сыныптары, семинарлар, курстар, олимпиадалар, конференциялар)	0	2	9
Симуляциялық орталықта оқытуды ұйымдастыру сапасына ОПК қанағаттану деңгейі	-	70%	90%
Симуляциялық орталықта практикалық оқытуды ұйымдастыру сапасына білім алушылардың қанағаттану деңгейі	-	76,6%	96%

Университетте 1999 жылдан бастап Университеттің еншілес ұйымы ретінде «МУА медициналық орталығы» ЖШС жұмыс істейді, оның негізгі міндеттеріне Университет студенттеріне және қызмет көрсету аумағында тұратын тіркелген халыққа мамандандырылған, стационарды алмастыратын, консультациялық-диагностикалық көмек көрсету, сондай-ақ профилактикалық іс-шаралар жүргізу кіреді.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тіркелген халық саны 10 311 адамды құрады. Тіркелген адамдар санының 2022 жылдың соңындағы халық санымен салыстырғанда 1,1%-ға және 2021 жылмен салыстырғанда 1,3%-ға өсуі байқалады. Ұлғайту ұйымға қызмет көрсету аумағында тұратын халықты аулаларды (пәтерлерді) аралау жолымен және қабылдау комиссиясының жұмысы кезеңінде бекіту бойынша жоспарлы жұмыстарды жүргізумен байланысты.

17-кесте – Орталықтың негізгі көрсеткіштері

Индикаторлар	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
Бекітілген халық саны, барлығы	7729	9498	10311
- оның ішінде студенттер	3055	3771	4300
- басқа тұрғындар	4674	5727	6011
ЖТД-ға бару саны	21530	21744	21959
Дәрігерлердің өткізілген консультацияларының саны	9705	11405	10695
Функционалдық диагностика бойынша қызметтер саны	1384	2465	2858
УДЗ бойынша қызметтер саны	1407	1422	1882
ТМККК және МӘМС шеңберіндегі кірістер көлемі, мың тг.	211741	242922	293734

Студенттер санының емхананың қызмет көрсету аумағында тұратын халыққа арақатынасы 3 жыл ішінде 1,4%-ға артып, халықтың жалпы санының 42% немесе 4300 құрады. Жалпы практика дәрігерлеріне бару саны тұрақты және жыл сайын 1,1%-ға шамалы өсу үрдісі байқалады. Мәселен, 2023 жылы 21 959 келу тіркелген, 2021 жылы – 21 530.

Функционалдық диагностика бойынша қызметтер саны 2023 жылы 2 858 құрады (2021 ж. – 1 384, 2022 ж. – 2 465,) осы қызмет түрін көрсетудің 2021 жылмен салыстырғанда 2 еседен астам айтарлықтай өсуі байқалады. 2023 жылы ультрадыбыстық диагностика бойынша қызметтер саны 1 882 зерттеуге жетті, 2021 жылы – 1 407, 2022 жылы – 1 422, ультрадыбыстық зерттеулердің 2022 жылмен салыстырғанда 1,3%-ға өсуі байқалады. Бұл қызметтерді Орталық



тіркелген халыққа ғана емес, сонымен қатар қаланың басқа медициналық ұйымдарына қосалқы мердігерлік қатынастар негізінде де көрсетеді.

ТМККК және МӘМС шеңберінде қызмет көрсетуден түсетін табыс бекітілген халық санының ұлғаюы және тиісінше консультациялық-диагностикалық қызметтерді көрсетуге қажеттіліктің артуы, медициналық қызметтерге тарифтерді көтеру, сондай-ақ медициналық оңалту және күндізгі стационар қызметтерін кеңейту негізінде ұлғайды.


Сонымен қатар, студенттерге оңай қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында Бейбітшілік көшесі, 49а мекен-жайы бойынша 2022 жылғы қазаннан бастап медициналық пункт жұмыс істеп бастады. Бүгінгі таңда 3 мыңға жуық студент көлемінде 2 терапевтік учаске жұмыс істейді. 2022 жылы келушілер саны 1 070, 2023 жылы 1 524 құрады.

Қосымша және бейресми білім беру

Қосымша білім беру бағдарламаларын тиімді іске асыру, сондай-ақ қосымша білім беру саласындағы Университеттің танымал брендин құру мақсатында қосымша білім беру орталығы үздіксіз кәсіптік білім беру институты болып қайта құрылды.

Есепті жылы Институт e-license.kz сайты арқылы қосымша білім беру ұйымының институционалдық аккредитациясынан (үздіксіз кәсіптік даму) сәтті өтті, «Электрондық үкімет» мемлекеттік органдарының «Денсаулық сақтау саласы кадрларының біліктілігін арттыру және сертификаттау курстарынан өткені туралы құжаттар беру» бірыңғай көлік ортасына қосылды, сондай-ақ қосымша білім беру шеңберінде ұлттық білім беру жобалары, оның ішінде 005 бюджеттік бағдарлама бойынша мемлекеттік тапсырыс іске асырылды.

Қосымша және бейресми білім беру шеңберінде 2021-2023 жылдары барлығы 11 646 тыңдаушы оқытылды, есепті кезеңде оқытылған тыңдаушылар саны 4 485 маманды құрады (жылдық оқу жоспарында – 3 500 маман), оның ішінде шарттық негізде біліктілікті арттыру циклдарында 3 409 маман, сертификаттау курстарында 50 маман, мемлекеттік тапсырыс шеңберінде (005 РББ) 480 маман, бейресми білім беру шеңберінде шарттық негізде 328 маман, өтеусіз 218 маман оқытылды.




10-сурет – 2021-2023 жылдардағы ҚБ және ҮБ шеңберіндегі білім алушылар саны

Практикалық денсаулық сақтауды қанағаттандыру мақсатында медициналық ұйымдардың өтінімдеріне сәйкес жыл сайын қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары жаңартылып, өзектендіріледі. 2023 жылы басым бағыттар бойынша 382 білім беру бағдарламасының 94-і жаңартылды және келесі мамандықтар бойынша сертификаттау курстары бойынша 8 білім беру бағдарламасы әзірленді:

1. Дерматокосметология;
2. Спорттық медицина;
3. Интервенциялық аритмология;



4. Бариатриялық және метаболикалық хирургия;
5. Балалар оториноларингологиясы;
6. Сот биологиясы және гистология;
7. Медициналық-криминалистикалық сараптама;
8. Сот-медициналық сараптама.



11-сурет – Жаңартылған қосымша және бейресми білім беру бағдарламаларының саны

Сонымен қатар, Университетке ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің тапсырмасы бойынша жетекшілік ететін өңірлер: екі облыс (СҚО, Ақмола) және Астана қаласы, дәрігерлердің және ОМП кәсіби әлеуетін арттыру бөлігінде жол карталарын іске асыру тұрғысынан бекітілген. 2020-2021 жылдарға арналған өңірлер бөлінісінде ҚР ДСМ сәбилер мен балалар өлімін азайту жөніндегі жол картасын іске асыру шеңберінде 2020 жылы жетекшілік ететін өңірлерден: Астана қ., Ақмола және Қостанай облыстарынан, 421 денсаулық сақтау қызметкері оқытылды.

ҚР ДСМ Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған жол картасын іске асыру мақсатында өңірлер бөлінісінде 2021 жылы республиканың 15 өңірінен 396 маман оқытылды. 2022 жылы жол картасы бойынша оқытылғандар саны 723 маманды, 2023 жылы 508 тыңдаушыны құрады.

Ақмола облысы, Тараз қ., Петропавл қ., Қарағанды қ., Көкшетау қ., Қостанай қ., Атбасар қ. сияқты өңірлерде біліктілікті арттырудың 8 көшпелі циклі өтті. Сондай-ақ, халықаралық ынтымақтастық шеңберінде шетелдік спикерлерді тарта отырып, бірлескен семинарлар мен шеберлік сыныптары ұйымдастырылды, барлығы 151 адам қатысты.

Қосымша және бейресми білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға Университеттің көптеген кафедралары қатысады. 2022 жылғы қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыруға кафедралардың тартылуы 75%, яғни 64 кафедраның 48-ін, 2023 жылы 81%, яғни 52 кафедраны құрады. Педагогикалық жүктеменің жоғары болуына қарамастан, ОПҚ біліктілікті арттыру шеңберінде инновациялық білім мен дағдылармен бөлісу үшін күш пен қуат табады. 2023 жылы кіріс индикаторы бойынша келесі кафедралар топ-онға кірді:

1. Қоғамдық денсаулық және менеджмент кафедрасы
2. № 3 отбасылық медицина кафедрасы
3. Қоғамдық денсаулық және эпидемиология кафедрасы
4. Сот медицинасы кафедрасы
5. Бариатриялық хирургия және нейрохирургия курстары бар хирургиялық аурулар кафедрасы
6. Академик Ж. Хамзабаев ат. радиология кафедрасы
7. Неврология кафедрасы
8. Психиатрия және наркология кафедрасы
9. Дерматовенерология және дерматокосметология кафедрасы
10. Интеграцияланған бағдарламалар (кардиология, эндокринология, гастроэнтерология, ревматология, неврология, психиатрия, жұқпалы аурулар, анестезиология, фармакология, акушерия).



005 бюджеттік бағдарлама шеңберінде қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыруға қатысатын кафедралардың тартылуы 26,5% (17 кафедра) құрады. Үлкен контингент келесі кафедраларында оқытылды; ҚД және менеджмент; балалар анестезиологиясы, қарқынды терапия және жедел жәрдем; №1 және №2 акушерия және гинекология; онкология; гастроэнтерология, эндокринология және пульмонология курстары бар ішкі аурулар.

Тұтынушылардың қанағаттанушылығын зерделеу және білім беру процесінің сапасын жақсарту мақсатында жүргізілетін қосымша білім беру шеңберінде білім беру қызметтерін көрсету сапасының жыл сайынғы мониторингі «Тыңдаушылардың оқу процесінің сапасына қанағаттануы» негізгі көрсеткіші бойынша сапалық индикаторлардың тұрақтылығын көрсетеді, оған мынадай критерийлер кіреді: материалдың маңыздылығы мен өзектілігі; баяндаудың дәйектілігі мен қолжетімділігі; демонстрациялық материалдың көрнекілігі мен сапасы; оқу кезеңінде науқастарды курациялау/қабылдау, ауру тарихын, ситуациялық міндеттерді (диагностикалық, емдік манипуляциялар жүргізу) талдау мүмкіндігі; кітапханада және интернет-класста әдебиеттермен жұмыс істеу мүмкіндігі. Мәселен, 2022 жылы тыңдаушылардың оқу процесінің сапасына қанағаттануы күтілетін көрсеткіш 70% болғанда 96% болды, ал 2023 жылы күтілетін көрсеткіш 80% болғанда 95% құрады.

Осылайша, Университеттің кафедралары мен құрылымдық бөлімшелерінің клиникалық қызметті жетілдіру және дамыту бөлігінде жүргізілген жұмыс бағыттың бірқатар негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуді жақсартуға мүмкіндік берді.

Келесі жылы әртүрлі мамандықтар бойынша құзыреттілік орталықтарын іске қосу, клиникалық бейіндегі институттарды (МЖӘ-мен) құру, клиникалық кафедралардың қатысуымен әлеуметтік және инновациялық жобаларды іске қосу, университеттік аурухананы ашу үшін кадрларды жүйелі даярлау жөніндегі іс-шаралар жоспарланған. Сондай-ақ, симуляциялық оқыту саласында халықаралық әріптестікті дамыту және қосымша білім беру курстарын дамыту жоспарланды.



2.5. Түлектерді жұмысқа орналастыру

ЖОО түлектерін жұмысқа орналастыру Университеттің даму стратегиясының негізгі индикаторларының бірі болып саналады. Бұл бағытта Мансап және жұмыспен қамту орталығы жүйелі жұмыс жүргізуде:

- еңбек нарығында медициналық кадрларға қажеттілікті зерделеу;
- Университеттің сайтында дайындықтың тиісті бағыттары (мамандықтары) бойынша бос жұмыс орындары туралы деректерді құрып, орналастыру;
- түлектердің жұмыс берушілермен онлайн/офлайн кездесулерін ұйымдастыру;
- түлектерді дербес орналастыруды ұйымдастыру және өткізу;
- түлектердің орналастырылған орнына жетуіне мониторинг жүргізу;
- автоматтандырылған ақпараттық базаларды жүргізу;
- ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігімен, «Қаржы орталығы» АҚ-мен, «С. Қайырбекова ат. ұлттық денсаулық сақтауды дамыту ғылыми орталығы» ШЖҚ РМК-мен, жергілікті атқарушы органдармен, денсаулық сақтау басқармаларымен, түлектерді жұмысқа орналастыру мәселелері жөніндегі медициналық ұйымдармен өзара іс қимыл жасасу.

Жоғарыда аталған жұмысты ұйымдастыру үшін Университет түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша өткізетін іс-шаралар туралы жұртшылықты хабардар етеді. Сонымен Университет сайтындағы <https://amu.edu.kz/ru/trudoustroystvo-vypusknikov/> жұмысқа орналастыру бойынша бөлімінде «Түлекке» қойындысында өңірлер бөлінісінде жас мамандарға деген қажеттілікпен, байланыстармен, нұсқаулықтармен, «Жұмыс берушіге» қойындысында мамандықтар бөлінісінде ағымдағы жылға арналған түлектер контингентімен, түлектердің негізгі құзыреттеріне қойылатын талаптармен және т.б. ақпаратпен танысуға болады.

Университет жыл сайын мыңнан астам түлек шығарады. Мәселен, соңғы 3 жылда мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқыған ЖОО түлектерінің жұмысқа орналасуы орта есеппен 97,9% (2021 жылы – 96,2%, 2022 жылы – 98,7%, 2023 жылы – 99%), оның ішінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуын жалғастырғандар 33,3% құрады. Сондай-ақ түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша тұрақты үрдіс байқалады. Бұл уақыт өте келе түлектердің жұмысқа орналасу жағдайының жақсарғанын көрсетеді, бұл сонымен қатар түлектердің еңбек нарығында дайындық сапасы мен сұранысының артуын көрсетуі мүмкін.

18-кесте – Түлектерді жұмысқа орналастыру динамикасы

Оқу жылы	Барлығы түлектер	Жұмысқа орналасқандар	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуын жалғастырған түлектер	Орналасқан жеріне жетпегендер (жұмысқа орналаспағандар)
2020-2021	1102	1060 (96,2%)	346 (31,4%)	15 (1,3%)
2021-2022	863	852 (98,7%)	289 (33,5%)	11 (1,3%)
2022-2023	946	938 (99%)	336 (35,5%)	8 (0,8%)

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқыған интернатура түлектерінің ішінде соңғы 3 жылда жұмысқа орналасу орташа есеппен 97,1% (2021 жылы – 94,5%, 2022 жылы – 98,7%, 2023 жылы – 98,7%), оның ішінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуды жалғастырғандар 46,1% құрады.

19-кесте – Интернатура түлектерін жұмысқа орналастыру динамикасы

Оқу жылы	Барлығы	Жұмысқа орналасқандар	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары	Орналасқан жеріне жетпегендер
----------	---------	-----------------------	--	-------------------------------



	түлектер		бойынша оқуын жалғастырған түлектер	(жұмысқа орналаспағандар)
2020-2021	732	692 (94,5%)	315 (43%)	14 (2%)
2021-2022	613	605 (98,7%)	272 (44,4%)	8 (1,3%)
2022-2023	608	600 (98,7%)	314 (51,6%)	8 (1,3%)

– Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша соңғы 3 жылда мамандықтар бөлінісінде оқыған түлектерді жұмысқа орналастыру келесідей:

- «Жалпы медицина» мамандығы бойынша орташа есеппен – 98,7%, орташа жалақысы – 190 мың теңге;
- «Стоматология» мамандығы бойынша – 98,2%, орташа жалақысы – 157 мың теңге;
- «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша – 98,3%, орташа жалақысы – 210 мың теңге;
- «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша – 100%, орташа жалақысы – 160 мың теңге;
- «Фармация» мамандығы бойынша – 98,3%, орташа жалақысы – 172 мың теңге;
- «Педиатрия» мамандығы бойынша – 100%, орташа жалақысы – 177 мың теңге.

20-кесте – Мамандықтар бөлінісінде жұмысқа орналастыру

<i>Мамандық</i>		2020-2021	2021-2022	2022-2023	Орташа жалақы
<i>Жалпы медицина</i>	Түлектер, барлығы	696	581	572	190 мың теңге
	Орналасқан жеріне жеткендер	123	151	142	
	Жұмыспен қамтылғандар	251	574	564	
	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына түскендер	309	266	306	
	Орналасқан жеріне жетпегендер	13	7	8	
<i>Стоматология</i>	Түлектер, барлығы	36	32	23	157 мың теңге
	Орналасқан жеріне жеткендер	5	14	18	
	Жұмыспен қамтылғандар	24	31	23	
	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына түскендер	6	6	1	
	Орналасқан жеріне жетпегендер	1	1	-	
<i>ҚД</i>	Түлектер, барлығы	32	32	28	210 мың теңге
	Орналасқан жеріне жеткендер	7	24	17	
	Жұмыспен қамтылғандар	13	31	28	
	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына түскендер	12	6	7	
	Орналасқан жеріне жетпегендер		1	-	
<i>Мейіргер ісі Фармация</i>	Түлектер, барлығы	10	4	8	160 тыс. тнг
	Орналасқан жеріне жеткендер	3	2	6	
	Жұмыспен қамтылғандар	3	4	8	
	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына түскендер	4	-	1	
	Орналасқан жеріне жетпегендер	-	-	-	
Түлектер, барлығы		8	31	27	172 мың теңге

	Орналасқан жеріне жеткендер	4	21	20	
	Жұмыспен қамтылғандар	2	31	27	
	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына түскендер	2	7	5	
	Орналасқан жеріне жетпегендер	-	1	-	
<i>Жалпы медицина</i>	Түлектер, барлығы	-	-	13	177 мың теңге
	Орналасқан жеріне жеткендер	-	-	3	
	Жұмыспен қамтылғандар	-	-	13	
	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына түскендер	-	-	5	
	Орналасқан жеріне жетпегендер	-	-	-	

Университетке республиканың 3 өңірі: Астана қ., Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстары, бекітілгеніне қарамастан ЖОО түлектері республиканың барлық облыстарында жұмысқа орналасады.

21-кесте – Өңірлер бөлінісінде түлектерді жұмысқа орналастыру динамикасы

Жұмыспен қамтылған аймағы	2020-2021 оқу жылы		2021-2022 оқу жылы		2022-2023 у оқу жылы	
	Адам	%	Адам	%	Адам	%
Ақмола облысы	25	5,7	33	5,5	35	8,7
Астана қ.	137	17,5	432	71,5	259	64,7
Солтүстік Қазақстан	4	1	21	3,5	8	2
Басқа аймақтар	593	75,8	118	19,5	98	24,5

Мәселен, соңғы 3 жылда түлектердің 46,9%-ы Астана қаласына, 5,3%-ы – Ақмола облысына, 1,8%-ы – Солтүстік Қазақстан облысына, 45,9%-ы – басқа өңірлерге жұмысқа орналастырылды.

22-кесте – Түлектердің өңірлер бөлінісінде жұмысқа орналастырылуы

Мамандығы	Түлектер, барлығы	Астана	Ақмола обл.	СҚО	Қостанай обл.	Басқа аймақтар	Орналасқан жеріне жетпегендер
Жалпы медицина	2020-2021	696	115	20	-	-	20
	2021-2022	581	98	11	3	2	7
	2022-2023	572	71	21	2	3	8
Стоматология	2020-2021	36	9	1	-	-	3
	2021-2022	32	10	2	-	-	1
	2022-2023	23	11	2	1	-	-
ҚД	2020-2021	32	8	2	-	1	-
	2021-2022	32	11	1	-	1	1
	2022-2023	28	5	2	-	-	-
Мейіргер ісі	2020-2021	10	3	-	-	-	-
	2021-2022	4	1	-	-	1	-
	2022-2023	8	4	-	-	-	-
Фармация	2020-2021	8	2	-	-	-	-
	2021-2022	31	6	1	-	2	-
	2022-2023	27	7	1	-	1	-



Педиатрия	2022-2023	13	1	-	-	-	1	-
-----------	-----------	----	---	---	---	---	---	---

Соңғы 3 жылда жұмысқа орналасқандардың ішінен:

- Астана қ. – «Жалпы медицина» мамандығы бойынша түлектердің 78,4%-ы, «Педиатрия» мамандығы бойынша 0,3%-ы, «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша 6,6%-ы, «Мейіргері ісі» мамандығы бойынша 2,2%-ы, «Стоматология» мамандығы бойынша 8,3%-ы, «Фармация» мамандығы бойынша 4,1%-ы;

- Ақмола облысында – «Жалпы медицина» мамандығы бойынша түлектердің 81,2%-ы, «Стоматология» мамандығы бойынша 7,8%-ы, «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша 7,8%-ы, «Фармация» мамандығы бойынша 3,1%-ы;

- Солтүстік Қазақстан облысында – «Жалпы медицина» мамандығы бойынша түлектердің 83,3%-ы және «Стоматология» мамандығы бойынша 16,7%-ы;

- Қостанай облысында – «Жалпы медицина» мамандығы бойынша түлектердің 45,5%-ы, «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша 18,2%-ы, «Мейіргер» мамандығы бойынша 9,1%-ы, «Фармация» мамандығы бойынша 27,3%-ы;

- Басқа өңірлерде – «Жалпы медицина» мамандығы бойынша түлектердің 85,1%-ы, «Стоматология» мамандығы бойынша 3,8%-ы, «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша 5,7%-ы, «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша 1,2%-ы, «Фармация» мамандығы бойынша 3,9%-ы.




2.6. Халықаралық ынтымақтастық

Халықаралық ынтымақтастықты дамыту шеңберінде:

- жоғары оқу орындарымен 16 меморандум жасалды, оның ішінде – 6 ТМД елдерінен, 10 алыс шетелден (Асан медициналық орталығы, Оңтүстік Корея; Эрасмус Университетінің Медициналық орталығының бауыр трансплантациясы орталығы, Нидерланды; және т.б.);
- «Брайнис» Пәкістан білім беру кеңесімен меморандумға қол қойылды;
- профессорлардың 49 сапары тартылып, 1400 қызметкер оқытылды;
- Ариэль университетімен бірлескен халықаралық саммит өткізілді;
- «Бір белдеу және бір жол» форумы аясында Астана медицина университеті, ҚР Президенті Іс басқармасының медициналық орталығы және BGI Genomics компаниясы арасында ынтымақтастық туралы үшжақты меморандум жасалды.

Осының барлығы ОПҚ мен білім алушылардың кіріс және шығыс академиялық ұтқырлығының көлемін арттыруға мүмкіндік берді.



11-сурет – Білім алушылардың академиялық ұтқырлығы, %

12-сурет – ОПҚ академиялық ұтқырлығы, %

Білім алушылардың шығыс академиялық ұтқырлығы 2021 жылмен салыстырғанда 10%-ға ұлғайды, білім алушылардың кіріс ұтқырлығы 75%-ға ұлғайды. 2022 жылы ОПҚ академиялық ұтқырлығының артуы COVID-19 пандемиясы себебімен шектеулердің жеңілдеуіне байланысты 2021 жылға жоспарланған іс-шаралардың 2022 жылға ауыстырылуынан. Шетелдік орталықтан келген визитинг-профессордың шақыруымен шетелдік тағылымдамадан немесе оқытудан өткен ОПҚ саны есепті жылы 623 құрады.

Сондай-ақ, жасалған келісімдер шеңберінде білім алушылар мен ОПҚ тағылымдамаларын ұйымдастыру бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп жатыр. Тағылымдамалар саны 2022 жылмен салыстырғанда 26,5%-ға өсті.

23-кесте – Шетелдік орталықтан келген визитинг-профессордың шақыруымен шетелдік тағылымдамадан немесе оқытудан өткен ОПҚ және білім алушылар контингентінің динамикасы

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
Университет қызметкерлерінің тағылымдамалары	Адам	25	7	10
	%	2,7%	0,7%	0,10%
Докторанттардың тағылымдамалары	Адам	2	19	29
	%		19%	29%
Магистранттардың тағылымдамалары	Адам	-	8	4
	%		5,7%	3,2%
Барлығы		25	34	43

2023 жылы Университет келесі халықаралық жобалардың қатысушысы болды:

24-кесте – Университетте 2023 жылы жүзеге асырылған халықаралық жобалар

Жобаның атауы	Қазақстанда жоғары білім беру жүйесінде магистратура мен PhD	Шығыс Еуропа - Орталық Азия өңірінде жаһандық денсаулық



	докторантура деңгейінде мейіргер ісін жетілдіру (AccelEd).	саласындағы академиялық әлеуетті дамыту (BACE)
Жобаның мақсаты	Магистратура деңгейінде мейіргерлік білім беруді дамыту және нығайту, сондай-ақ министрліктердің, университеттердің, денсаулық сақтау мекемелерінің, қауымдастықтардың (денсаулық сақтау саласының және білім беру саласының қауымдастығының) және мейіргерлердің халықаралық қауымдастықтарының қатысуымен саясатқа, құқықтық базаға және институционалдық құрылымдарға өзгерістер енгізу арқылы Қазақстанда «Мейіргерлік ғылым» бойынша PhD докторантураны құрып, іске қосу.	Үш елге – Грузия, Қазақстан және Украинаға – Жаһандық денсаулық сақтау (ЖД) және зерттеу пәнін академиялық бағдарламаларына біріктіру үшін жоғары білім беру жүйелерінің әлеуетін арттыруға мүмкіндік беру.
Қаржыландыру ұйымы	Еуропалық білім және мәдениет жөніндегі атқарушы агенттік	Еуропалық білім және мәдениет жөніндегі атқарушы агенттік
Іске асыру мерзімдері	2020 жылғы 15 қараша - 2023 жылғы 14 қараша	2021 жылғы 15 қаңтар - 2024 жылғы 14 қаңтар
Шетелдік серіктестер	<ol style="list-style-type: none">1. Литва денсаулық ғылымдары университеті, Литва2. Ювяскиля қолданбалы ғылымдар университеті, Финляндия3. Утрехттегі университеттік аурухана, Нидерланды4. Або Академиясы университеті, Финляндия	<ol style="list-style-type: none">1. Гейдельберг университеті, Германия2. Тромсё университеті - Норвегияның Арктика университеті, Норвегия.3. Берген университеті, Норвегия.4. Жаһандық денсаулық институты, Грузия.5. Грузия университеті, Грузия6. Иван Джавахишвили Тбилиси мемлекеттік университеті, Грузия.7. Шота Руставели атындағы Батуми мемлекеттік университеті, Грузия.8. «Киев-Могилян академиясы» ұлттық университеті, Украина.9. И.Я. Горбачевский атындағы Тернополь ұлттық медицина университеті, Украина.

Есепті жылы Университет ректоры ынтымақтастық туралы 16 халықаралық келісімге қол қойды. 2023 жылдың соңында Университет меморандумдарының жалпы саны 123 құрады (қосымшадағы меморандумдар тізімі).



2.7. Университеттің кадрлық әлеуетін және басқару жүйесін дамыту

Персоналды дамыту жүйесі адам ресурстарын ұтымды және негізделген жоспарлауға, заманауи HR-технологияларды, сапаны қамтамасыз етуге және жоғары кәсіби деңгейде стратегиялық міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін тиімді мотивациялық тетіктерді пайдалануға негізделген.

Есепті күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша қызметкерлердің жалақысын арттыру қамтамасыз етілді, оның ішінде:

- зертханашылар үшін 54%;
- ОПК түрлі лауазымдары үшін – 28-67%;
- ӘБП үшін – 25-30%.

Университет университеттің мақсаттарына, сондай-ақ жеке даму жоспарына сәйкес кәсіби және жеке-іскерлік құзыреттіліктерді дамыту бойынша тұрақты оқудан өту арқылы әрбір қызметкерге тең мүмкіндіктер мен кәсіби дамуға қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді.

Осылайша, 2023 жылы 40 қызметкер үшін ағылшын тілінен оқыту ұйымдастырылды, 32 адам IELTS емтиханын тапсырды, үздіксіз кәсіптік оқыту институтының базасында университеттің ОПК қатарынан 81 адам оқытылды, сондай-ақ жаңа кадр саясаты бекітілді.

Осының барлығы ОПК мен ғылыми персонал дәрежелілігі деңгейінің, біліктілікті арттыру курстарынан өткен қызметкерлердің үлесінің өсуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ персоналдың тұрақтамауы деңгейін төмендетуге мүмкіндік берді.

25-кесте – Персоналды дамыту жөніндегі қызмет көрсеткіштерінің серпіні

Көрсеткіш	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
Штаттық қызметкерлердің айналым деңгейі: университет қызметкерлерінің барлық санаттары	15%	15,7%	10,3%
Біліктілікті арттырудан (семинарлар, тренингтер, т.б.) өткен қызметкерлердің үлесі	46%	42%	57,6%
ОПК және ғылыми персонал дәрежесінің деңгейі	40,7%	40,7%	43,2%

Университетте еңбекақы төлеу жүйесін ұйымдастыру тәртібін айқындау үшін қызметкерлерге еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қамсыздандыру туралы ереже енгізілді. Осы Ереже Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Университет Жарғысына сәйкес әзірленді, университеттің барлық қызметкерлеріне қолданылады. Университет қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу штат кестесіне сәйкес лауазымдық жалақыдан, осы Ережеде көзделген қосымша ақылар мен сыйақылардан тұрады.

Университетте еңбекақы төлеу, көтермелеу және сыйақы жүйесін еңбек нәтижелеріне байланысты дамытуға бағытталған еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру бойынша жұмыс тұрақты негізде жалғасуда. Есепті жылы қызметтің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізгені үшін сараланған төлем енгізілді, бұл ретте төлемдерге 300 млн. теңге бағытталды (оның 80%-ы ОПК үшін).

Университетті басқару жүйесін жетілдіру бөлігінде:

- «SmartAMU» іске қосудың 5 кезеңі іске асырылды, оның ішінде өз платформасы әзірленді, барлық пайдаланушылар қосылды, жоспарлардың, тапсырмалардың, қаржының және мемлекеттік сатып алулардың орындалуына мониторинг енгізілді;

- құрылымдық бөлімшелердің 27 басшысы жобалық және стратегиялық менеджмент саласында оқытылды;

- Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 12 шешіміне сәйкес Университеттің ұйымдық құрылымын оңтайландыру қамтамасыз етілді;

- алқалы органдар құрылды: клиникалық және ғылыми-техникалық кеңес, оларға бірқатар өкілеттіктер берілді.

Ақпарат үшін:



Клиникалық кеңес – жетекшілік ететін өңірлердің денсаулық сақтау саласына клиникалық, ұйымдастыру-әдістемелік, сараптамалық, практикалық көмек көрсетуде клиникалық кафедралар мен клиникалық бейіндегі ғылыми бөлімшелердің ОПҚ әлеуетін тиімді пайдалану, оның ішінде клиникалық базаларда Университеттің клиникалық қызметін үйлестіру және одан әрі дамыту мәселелері жөніндегі кеңесші және консультативтік орган.

Ғылыми-техникалық кеңес – Университеттің ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық саясатын қалыптастыру және практикалық іске асыру саласындағы жоғары сараптамалық-кеңесші органы. Кеңестің негізгі мақсаты Университет ұжымдары мен бөлімшелерінің ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті орындауына тиімді жәрдемдесу болып саналады.

Жүргізілген жұмыс менеджмент саласында оқытылған ӘБП және басшылар деңгейінің өсуін, ЖОО алқалы органдарында білім алушылардың өкілдік деңгейінің, қызметкерлерді ынталандыруға инвестициялар үлесінің өсуін және т.б. қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

26-кесте – Персоналды басқару бойынша қызмет көрсеткіштерінің динамикасы

Көрсеткіш	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
Еңбекақы төлеу қорының жалпы көлеміндегі қызметкерлерді ынталандыруға инвестициялардың үлесі	20%	20,4%	23%
Менеджмент саласында оқытылған ӘБП және құрылымдық бөлімшелер басшыларының деңгейі	6,8%	15%	17%
Білім алушылардың университетті басқару үдерістеріне қатысу деңгейі (тұрақты жұмыс істейтін алқалы органдарда өкілдік ету)	60%	66%	80%

2024 жылға қызметкерлерді оқыту бойынша корпоративтік стандарт құру, персоналды іріктеуге, бейімдеуге, ынталандыруға, уәждеуге және резервті қалыптастыруға жаңа тәсілдерді енгізу жоспарлануда, HR менеджменттің барлық процестерін автоматтандыру, қызметкерлерді аттестаттау қағидаларын қайта қарау және қызметкерлерді кезең-кезеңімен аттестаттау, сондай-ақ мотивациялық менеджментті, тайм-менеджментті, стресске қарсы менеджментті және т.б. енгізу жоспарда.



2.8. Инфрақұрылым және материалдық-техникалық база

Университет қызметінің негізгі мақсаты мен басымдығы жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында жоғары сапалы білім беру қызметтерін көрсету үшін жағдайлар жасау болып саналады.

Осы мақсаттарды орындау үшін Университет қызметінің барлық бағыттарының аспектілерін және осы процеске Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің қатысуына жауапты көзқарасты ескере отырып, материалдық-техникалық сүйемелдеуді тиімді жоспарлау қажет.

Ағымдағы жылы білім беру, ғылыми және клиникалық қызмет, әлеуметтік инфрақұрылым үшін базаны жақсарту бөлігінде:

- Абай көшесі 47 мекенжайында 33 000 шаршы метрден асатын ғимарат университетке берілді;

- білім алушылар 675 орындық жеке жатақханаларға орналастырылды;

- Астана қаласы әкімдігінен 3000 төсек-орынға арналған Университет жатақханаларын салу үшін 3,3 га жер алынды;

- құрылыс / қайта жоспарлау / энергияны үнемдеу жағынан тиімді дизайн бойынша 14 жоба іске қосылды, оның ішінде кітапхананы жөндеу және толық қайта жаратқандыру, Абай 47 мекенжайындағы корпусты ағымдағы жөндеу, Сарыарқа 33 бойынша корпусты ағымдағы жөндеу;

- ағымдағы жөндеу шеңберінде 178 оқу үй-жайы жаңартылды.

Университет ғимараттарында келесі жұмыстар жүргізілді:

- электр энергиясы бойынша – Абай даңғылы 47 ғимаратының барлық периметрі бойынша көше жарықтандырулары орнатылды, сәндік жарықтандыру қалпына келтірілді, Бейбітшілік даңғылы 49-да фитнес клубының монтаждау жұмыстары жүргізілді, трансформаторлық қосалқы станцияға техникалық қызмет көрсету, кабельдерді тексеру жүргізілді (Сарыарқа 33, Бейбітшілік 49А, Жеңіс 35, 35А).

- жылу энергиясы бойынша – істен шыққан сорғылар, фанкойлар ауыстырылды, Абай даңғылы 47 бойындағы жылу пунктіндегі құбырды ішінара ауыстыру жүргізілді;

- су құбыры бойынша – сорғылар, құбырлар, араластырғыштар ауыстырылды, бекіту арматурасы ішінара ауыстырылды;

- Бейбітшілік көшесі 49А мекенжайы бойынша іргелес аумақ абаттандырылды, 51-корпустағы сыртқы бетон соқыр аймағы қалпына келтірілді, төсем төселді, бордюрлер ауыстырылды, асфальт төсемдері жөнделді.

Абай даңғылы 47 бойынша үй-жайларға, дәліздерге, кабинеттерге ағымдағы жөндеу жүргізілді: әктеу, сырлау, еден жабыны қалпына келтірілді, суару жүйелерінің құрылғылары қалпына келтірілді.

Келесі жылға жоспар:

- Сарыарқа көшесі 33 мекенжайындағы оқу-зертханалық корпусты күрделі жөндеу;

- студенттерге арналған қосымша 300 төсекті жатақхананы жалға алу;


- Абай 47 бойынша ғимаратты қайта жаңарту, бұл 2025 жылы қосымша 800 білім алушыны жатын орынмен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;

- жаңа жатақханалар салуды бастау.



2.9. Персоналдың жұмыс жүйесін автоматтандыру


Университеттің цифрлық трансформация стратегиясын іске асыру шеңберінде инфрақұрылымға озық ақпараттық технологияларды енгізуге бағытталған SMART AMU жобасы іске қосылды.



SMART AMU – бұл Университеттің барлық ресурстарын біріктіретін бірыңғай платформа: тапсырмаларды жоспарлау мен корпоративтік поштадан қашықтықтан оқытуға және электрондық кітапханаға дейін. Университеттің негізгі ақпараттық жүйелерімен интеграциялану арқылы Smart AMU студенттер мен қызметкерлер үшін қажетті деректер мен құралдарға қол жеткізуді жеңілдетеді.

Smart AMU жобасы сонымен қатар iKomek AMU мониторинг орталығын іске қосты, ол тәулік бойы өтініштерді қабылдайды, идеяларды жинап, іске асырады, проблемаларды жедел шешіп,

барлық процестердің ашықтығын арттырады, тиімді коммуникацияны қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта веб-қосымша әзірленді, енді пилоттық режимде іске қосылуы жоспарда, бұл оның функционалдығы мен тиімділігін іс жүзінде тексеруге мүмкіндік береді.



Университет инфрақұрылымының қауіпсіздігі мен тиімділігіне ерекше назар аударылады. Қауіпсіздік қызметкерлеріне ықтимал қауіптер мен штаттан тыс жағдайларға жедел жауап беруге мүмкіндік беретін оқиғаларды жылдам және дәл сәйкестендіруді қамтамасыз ететін RFID AMU тексеру кезіндегі бақылау жүйесі іске қосылды. Университеттің инфрақұрылымына RFID AMU жүйесін енгізудің арқасында өрт қаупі, қысымның көтерілуі кезінде ағып кету, электр энергиясының шығынын үнемі бақылау және аудиторияда адамдар болмаған кезде жарықтандыруды басқару және басқа да оқиғалардың алдын алу арқылы шығындарды айтарлықтай үнемдеуге қол жеткізілді.

Жаңа Smart AMU экожүйесі қазірдің өзінде тиімді екенін дәлелдеді және пайдаланушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, дамуын жалғастыруда. Бұл Университеттің өмірін ыңғайлы, қауіпсіз және тиімді етеді, оқу мен жұмыс істеудің жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Сондай-ақ жабдықтың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін серверлік үй-жайға жөндеу жүргізілді (жарықтандыру ауыстырылды, қабырғалар, пандус сырланды), серверлік үй-жайда APC үшін батарея блогы (8 дана) ауыстырылды. Қосымша батарея жинағы негізгі APC Smart UPS жұмысын ұзартуға мүмкіндік береді, бұл қуат өшірілген кезде барлық файлдарды сақтауға, бағдарламаларды жабуға, серверді дұрыс өшіруге мүмкіндік береді.

Серверлік үй-жайда газды өрт сөндіру жүйесі жаңғыртылды (жабдық толық ауыстырылды, фальшпол астына қосымша құбыр орнатылды, датчиктер ауыстырылды, қосымша (қосалқы) баллон сатып алынды, жүйе толық тексерілді, іске қосылу имитацияланды) жүргізілді. Серверлік үй-жайда деректерді сақтау жүйесі орнатылған. Серверлік үй-жайда қосымша (резервтік) прецизиондық кондиционер (негізгі кондиционердің ажыратылуын толық тексеру және имитациялау) орнатылды, сондай-ақ серверлік үй-жайда қол жеткізуді бақылау және басқару жүйесі (ҚЖБЖ) ауыстырылды.

Жеңіс 35 және 35А мекенжайындағы жатақханада тұратын барлық студенттер үшін интернетке Wi-Fi қолжетімділігін қамту сапасын жақсарту үшін, сондай-ақ бұрын орнатылған рұқсат нүктелерінің істен шығуына байланысты 90 дана Wi-Fi рұқсат нүктелері орнатылды.



Бакалавриат, интернатура, резидентура (1000-нан астам түлек) білім беру бағдарламалары бойынша ҰТЕО (түлектердің кәсіби даярлығына бағалау жүргізу) үшін техникалық сүйемелдеу орындалды.

Сондай-ақ 250-ден астам жұмыс орнын техникалық жабдықтау (жергілікті желі, интернет, ПК, ноутбук орнату) ұйымдастырылды. Қабылдау комиссиясы үшін жұмыс орындары ұйымдастырылды (жергілікті желі, интернет, ПК, КФҚ, принтерлер орнатылды): техникалық хатшылар үшін 40 ПК және өзіне-өзі қызмет көрсету аймағы үшін 30 ПК.

Талапкерлерге ыңғайлы болу үшін (оқуға түсу үшін құжаттарды тапсыру кезінде кезекті азайту) өзіне-өзі қызмет көрсету аймағында ПК хатшылары үшін қосымша 10 жұмыс орны ұйымдастырылды, сондай-ақ электрондық кезек іске қосылды.

Есепті жылы құрылымдық бөлімшелерден 2080-нен астам өтінім орындалды.

- оның ішінде 1790 өтінім – бұл техникалық қызмет көрсету, ОЖ-ны қайта орнату, желіге қосу және т.б.;

- 244 – онлайн іс-шараларды сүйемелдеу және басқару;

- 46 – акт залында, кеңес залдарында іс-шаралар мен форумдарды сүйемелдеу;

- Университеттің клиникалық базаларының және қашықтағы корпустарының 57 өтінімі орындалды;

- желіге қосылудың 620 нүктесі монтажданды;

- amu.kz доменіне 356 компьютер қосылды;

- Active Directory-дің 128 жаңа пайдаланушысы тіркелді.

Сонымен қатар, 2018 жылғы қыркүйектен бері Университетте «бір кеңсе» қағидаты бойынша қызмет көрсету саласындағы процестерді оңтайландыру, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту, қағаз қызметтерін электрондық форматқа көшіру мақсатында Университеттің білім алушыларының, оқытушылары мен қызметкерлерінің барлық санаттарына қызмет көрсету үшін құрылған білім алушылар мен қызметкерлерге қызмет көрсету орталығы (БАЖҚҚО) жұмыс жасап бастады. БАЖҚҚО мынадай қызмет түрлерін көрсетеді: анықтамалардың әртүрлі түрлерін беру: виза ресімдеу үшін, елшілікке; мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар тағайындау үшін 2-1-қосымша; әлеуметтік жәрдемақылар үшін 4-қосымша; әлеуметтік сақтандыру үшін 6-қосымша; әскери комиссариат үшін 3-қосымша; мұрағаттық анықтамалар, кәсіптік білім беруді дербестендіру; 2012 жылға дейінгі дипломға қосымшалардың телнұсқалары (мемлекеттік қызмет); жұмыс орнынан анықтамалар, білім беру қызметтерін өтеулі көрсету үшін шарттар, мемлекеттік білім беру гранты (тапсырысы) бойынша білім алушылар үшін білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарттар, ауылдық (селолық) жастар қатарынан түскен азаматтар үшін квота шегінде білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарттар жасасу.

«Бір терезе» қағидатын іске асыру үшін орталық офис-тіркеушінің, білім алушылардың мониторингі орталығының өтінімдерін/қызметтерін қабылдауды, қызметкерлерге жұмыс орнынан анықтамалар беруді, шарттар мен қосымша келісімдерге, оқырман билетіне қол қоюды, өндірістік практика күнделіктерін, жұмыс уақытының табельдерін беруді және тапсыруды, шетелдік студенттер үшін барлық қызметтерді көрсетуді, дипломға қосымшалардың телнұсқаларын беруді, жатақханада тұруға құжаттарды қабылдау, WES платформаларында мұрағаттық анықтамаларды растау, ЭЦҚ беру және т.б. жүргізеді. Бұл қызметтер құжаттарды беру мерзімін едәуір қысқартуға мүмкіндік берді.

2023 жылы оқыған жерінен 16 мыңнан астам анықтама, жұмыс орнынан 1 658 анықтама, 1 568 мұрағаттық анықтама және куррикулум көшірмесі берілді, 4 458 өтініш қабылданып, транскрипт берілді, университет қызметкерлерінің заңды және жеке тұлғаларының электрондық цифрлық қолтаңбасын (ЭЦҚ) алу кезінде 985 консультациялық көмек берілді, FACE ID базасында 10 000-нан астам адам тіркелді, жатақханаға 3200 білім алушы қоныстанды. Сондай-ақ, тұрақты негізде call-орталық арқылы күніне 400-ден астам қоңырау және 800 хабарлама қабылданады, сондай-ақ ауысуға және қайта қабылдануға байланысты білім беру қызметтерін



көрсету, төлемді өзгерту және т.б. бойынша шарттар мен қосымша келісімдер жасасу жүргізіледі.



2.10. Әлеуметтік-тәрбие жұмысы

Университеттегі тәрбие процесінің мазмұны студенттердің жеке және кәсіби дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауға, кәсіби және жалпы мәдени құзыреттіліктерді, ЖОО түлектерінің еңбексүйгіштік, жауапкершілік, ұйымшылдық, дербестік, бастамашылдық, тәртіптілік, әлеуметтік коммуникацияның тиімділігі, шығармашылық өзін-өзі көрсету қабілеті, руханилық, адамгершілік, патриотизм, салауатты өмір салтын ұстану сияқты базалық әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған.

Есепті жылы Университеттің алқалы органдарында студенттік өзін-өзі басқару өкілдігін өзекеңдіру және кеңейту бойынша жұмыс жүргізілді. Білім алушылар Университеттің 17 алқалы органында 63 мүшеден тұрады.

Университетте Студенттер үшін әртүрлі қызмет салаларында өзін-өзі дамыту үшін жағдайлар жасалған, студенттік ұйымдардың қызметін, атап айтқанда ғылыми және қоғамдық жұмыстарды үйлестіру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

2023 жылы студенттік ректор сайлауы өтті, дауыс беру рәсіміне Университет білім алушыларының 30% қатысты, сондай-ақ студенттік ұйымдардың өкілдерін қамтитын 10 адамнан тұратын студенттік ректорат сайланды.

Студенттік өзін-өзі басқарумен бірлесіп келесі іс-шаралар өткізілді: студенттік ұйымдардың жәрмеңкесі, Ана тілі күні, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні, «Наурыз мейрамы» мерекесі, КВН ойындары, «MUA Talent Show» байқауы, Үндістан Республикасы күніне арналған концерт, «Үздік староста - 2024» байқауы, жас ақындардың өз шығармаларының өлеңдеріне арналған байқауы, үлкен медициналық интеллектуалды квиз, студенттерге арналған «Төтенше жағдайлардағы алғашқы медициналық көмек» тақырыбындағы шеберлік сыныбы, BUSINESS game – AMU Scinece Hackaton, футболдан ректор кубогы, «21 ғасыр Квиз сарапшылары», экологиялық акциялар және т.б.

2023 жылдың қазан айында жатақхананың студенттік кеңесінің төрағасы және қабат бойынша старосталары сайланды. Жатақхананың студенттік кеңесі жатақханада тұратын білім алушылардың Университет басшылығымен коммуникацияларын және тұрғындардың тұрмыстық жағдайларын жақсартуға ықпал етті.

Университетте барлығы 18 студенттік ұйым жұмыс істейді, оған 3 619 студент тартылған, бұл барлық білім алушылардың 34%-дан астамын құрайды, оның ішінде: студенттік өзін-өзі басқару 843 студент (оның ішінде студенттік деканат – 700 адам), жатақхананың студенттік кеңесі – 23 белсенді, KazMSA-MUA – 175 студент, студенттік ғылыми қоғам – 1 216 студент, Enactus-AMU – 46 студент, «Медицина Жастары» РҚБ филиалы – 250 студент, сондай-ақ «Veritas» хирургиялық клубы, «Dental Association of students.kz» ҚБ, «Эскулап» БАИ пікірсайыс клубы, «Cardiology Club» СФК, «Vita&Mors» адамның қалыпты және патологиялық анатомиясы СФК.

6 жаңа студенттік ұйым құрылды, оның ішінде: «Surgery Trends» студенттік ғылыми клубы, «Consilium Therapy» студенттік ұйымы, Фармацевтикалық студенттер қауымдастығы, халықаралық студенттер құрған «AMU talkies» пікірсайыс клубы және крикет бойынша спорт клубы, International student association, «Engmedu.kz» студенттік клубы.

Қазіргі уақытта «Үндістан студенттер қауымдастығы», «Иордания студенттер қауымдастығы» және «Пәкістан студенттер қауымдастығы» сияқты жаңа студенттік шығармашылық клубтар мен қауымдастықтарды қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Сондай-ақ Университет өзінің жетім білім алушыларына, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және балалар үйінің түлектеріне оқу кезеңінде материалдық көмек пен қолдау көрсетеді. 2023-2024 оқу жылында көмек көрсетілген білім алушылардың жалпы саны – 77 студент.

Жоғарыда аталған санаттағы студенттерді қолдау бойынша келесі жұмыстар жүргізілуде:



1) ай сайынғы негізде тамақтануға ақшалай қаражатпен барлығы осы оқу жылында 44 554 202 теңге бөлінді (жұмыс күндері бір студентке күніне 1778 тг және мереке күндері 1956 тг есебінен (10%));

2) киім-кешекке (киім, аяқ киім, төсек-орын керек-жарақтары) ақшалай қаражат, 2023-2024 оқу жылына барлығы 23 105 658 теңге бөлінді (2023.12.12 № 727-н/к бұйрығы);

3) ай сайынғы жол жүру билеттерін сатып алу үшін ақшалай қаражат бөлу бойынша Астана қаласының әкімдігімен бірлескен жұмыс, сондай-ақ университет студенттерінің үйінде тегін орындар ұсынылады.

Сондай-ақ студенттердің психоэмоционалды жағдайын анықтау бойынша психодиагностикалық жұмыс жүргізілді. Онлайн форматта депрессиялық жағдайдың болуы мен ауырлық деңгейін анықтауға бағытталған «Бек шкаласы», «PHQ» әдістері және респонденттің психофизиологиялық жағдайын, оның стресске төзімділігін, белсенділігін анықтауға бағытталған «М. Люшердің түсті таңдау әдісі» проективті әдістемесі, сондай-ақ мазасыздық және оның деңгейін анықтайтын Спилберг-Ханин әдістемесі қолданылды.

А. Бек әдістемесі бойынша онлайн формат арқылы есепті кезеңде 1 817 студент пен 141 оқытушы тексерілді. Офлайн формат арқылы М. Люшердің проективті әдістемесі бойынша есепті кезеңде 753 студент тексерілді, сондай-ақ есепті кезеңде Спилберг-Ханиннің мазасыздық деңгейін анықтау әдістемесі бойынша 146 студент тексерілді. 345 студентке кері байланыс берілді.

Психологиялық консультациялар өткізілді:

1) жеке жұмыс – 212 консультация (онлайн және офлайн форматта);

2) топтық жұмыс: ұжымды біріктіруге, эмоционалды және денедегі ауырлықты жеңілдетуге бағытталған 23 тренинг өткізілді.

Бірқатар социологиялық сауалнамалар жүргізілді: харассмент бойынша сауалнама; университеттегі студенттердің бейімделу процесін анықтауға сауалнама, сондай-ақ олардың студенттер арасында қолайлы бейімделуіне кедергі келтіретін проблемалық мәселелердің болуы мен сипаты; оқытушылар арасында Университеттегі білім беру процесіне қатысушылардың бейімделу процесін анықтауға сауалнама.

Студенттерге психологиялық көмек пен қолдау алу мүмкіндігі туралы білім беру мақсатында «Психологиялық қолдау қызметі» сайты құрылды, онда психологтың телефон нөмірі көрсетілген. Сондай-ақ, «Психологқа сұрақ қой» айдары құрылды <https://amu.edu.kz/ru/departments/12013/>.

Спорттық қызмет аясында Университетте 13 спорт секциясы жұмыс істейді, сондай-ақ қалалық және республикалық жарыстарға қатысу үшін 15 құрама команда құрылды. Күніне 100 адам сыйымдылығы бар фитнес залы жұмыс істейді. Барлығы 2 300-ге жуық студент белсенді жаттығуларға тартылды.

Біздің студенттер 7 қалалық спорттық іс-шараға қатысты, Астана қаласының студенттік спорт лигасына және Астана қаласының әуесқой баскетбол лигасына қатысады. Университет білім алушыларының арасында спорт шеберлері – 2, спорт шеберіне кандидаттар – 20, 1-разряд – 3, 2-разряд – 2 спорт түрлері бойынша.

2023 жылы Университет білім алушыларының жетістіктері:

1. «Астана баскетбол лигасы» - 2 орын;

2. «Жастар жалыны-2023» жастар фестивалі – шахматтан 2 орын;

3. Жамбыл облысының армрестлинг бойынша чемпионаты – 1 орын;

4. Қазақстанның медициналық жоғары оқу орындарының студенттері арасында футболдан республикалық турнир – 3 орын;

5. Жеңіс күніне арналған жеңіл атлетикадан қалалық эстафета – 3 орын.

Сонымен қатар, білім алушылар Университеттің еріктілер қозғалысына белсенді қатысып, тәрбие жұмысының жоспары бойынша іс-шараларды сәтті өткізді.

Университет білім алушыларының арасынан еріктілер ДДҰ-ның Медициналық-санитариялық алғашқы көмек жөніндегі жаһандық конференциясын және «Walk the talk» жарысын өткізуге қатысты, оның қорытындысы бойынша ДДҰ-ның Қазақстан



Республикасындағы өкілінен алғыс хат алынды, сондай-ақ жыл сайынғы «Донор күні» акциясына, еліміздің медициналық университеттерінің медициналық еріктілер тобы арасындағы репродуктивті денсаулықты қорғау жөніндегі республикалық форумды өткізу шеңберінде шеберлік сыныбына және т.б. қатысты.

«ALMA-MATER» Университеттің еріктілер қозғалысы құрылды. Жалпы, әлеуметтік және тәрбие жұмысы орталығы студенттік өзін-өзі басқарумен бірлесіп, 60-тан астам іс-шара өткізді.

2024 жылға білім алушыларды демалыс аймақтарымен қамтамасыз ету, студенттік өзін-өзі басқарудың рөлін күшейту, инклюзивті білім беруді дамыту, әлеуметтік жобаларды іске қосу бойынша іс-шаралар жоспарланған. Сондай-ақ, білім алушылардың халықаралық қауымдастықтарға мүшелігін және «Дені сау университет» жобасының аралық қорытындыларын қамтамасыз ету жоспарлануда.



2.11. Жұртшылықты ақпараттандыру

Университеттің www.amu.edu.kz корпоративтік сайты Университеттің білім беру қызметтері нарығын кеңейту, білім алушыларды, талапкерлерді, іскер серіктестерді және басқа да мүдделі тұлғаларды Университет қызметінің әртүрлі аспектілерімен жедел таныстыру, Университеттің мақсатты аудиториясымен өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру, Университеттің білім беру қызметтерінің құнымен таныстыру және т.б. мақсатында Университет туралы ақпаратты Интернет желісінде ресми түрде ұсынуды қамтамасыз етеді.

Сайттың басты бетінен Университеттің әлеуметтік желілердегі ресми беттеріне өту мүмкіндігі бар:

Facebook – <https://www.facebook.com/MeduniverAstana/>;

Instagram – https://www.instagram.com/amu_mua_official/;

Telegram – <https://t.me/amuedukz>;

YouTube – <https://www.youtube.com/channel/UCxoJTRfEXwrojx0wub6ZvQQ/featured>.

Бұл парақшалар мүдделі тұлғалар үшін ақпараттық алаң ғана емес, сонымен қатар пайдаланушылар ЖОО қызметі, оның профессорлары және басқа да қызметкерлері туралы пікірлер қалдыра алатын, өз сұрақтарына жауап алатын байланыс алаңы болып саналады.

Сонымен қатар, мүдделі тұлғалар Университеттің қызметі туралы ақпаратты жыл сайын Университет қатысатын «Білім және ғылым» және «Nova Education» халықаралық көрмелерінен ала алады. Мұнда білім беру бағдарламалары, оқу ақысы, өту баллдары және т.б. бойынша ақпарат алуға болады.

БАҚ-пен жұмыс тиімділігі де артты. Әрбір инфобайланыс кезінде Университеттің баспасөз қызметі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын Интернет желісіндегі ақпараттық агенттіктерде (порталдарда, сайттарда) ақпараттық-имидждік материалдарды (анонстар, хабарландырулар, пресс-релиздер және т.б.) дайындап, орналастырады.

Ректордың блогына және тікелей желіге келіп түскен сұрақтарға уақтылы жауаптар берілді, өтініш берушілер тарапынан жауаптарға қанағаттанбау туралы шағымдар түскен жоқ.

Айта кету керек, Интернет желісінің танымалдылығының артуына байланысты жарияланымдар nur.kz, inform.kz, liter.kz, tengrinews.kz, toppress.kz, baigenews.kz, ҚазАқпарат, el.kz, baq.kz және т.б. ақпараттық порталдарында да орналастырылады.



3-ТАРАУ. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

3.1. Корпоративтік басқару принциптері

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрінің 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 39 бұйрығымен бекітілген Университеттің корпоративтік басқару кодексінде Университетте сақталуы тиіс негізгі қағидаттар айқындалған, оның ішінде:

– Өкілеттіктерді ажырату принципі. Корпоративтік басқару жүйесі Жарғыда айқындалатын Жалғыз акционер, директорлар кеңесі, атқарушы орган, мүдделі тараптар және өзге де органдар арасындағы өзара қарым-қатынасты көздейді. Осы қағидатқа сәйкес шешім қабылдау тәртібінің иерархиясы, органдар арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің біркелкі бөлінуі, сондай-ақ Университет қызметіндегі процестердің тиімділігі сақталуы тиіс.

– Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты. Университеттің қызметі жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, құрметтеуді қамтамасыз етуге негізделген және Университеттің тиімді қызметіне – ұзақ мерзімді құнның өсуіне, қаржылық тұрақтылық пен табыстылықты қолдауға бағытталған.

– Директорлар кеңесі мен басқарманың Университетті тиімді басқару принципі. Директорлар кеңесінің қызметі жалғыз акционер мен Университеттің мүдделерін барынша сақтау және іске асыру, парасаттылық, тиімділік, белсенділік, адалдық, дәлдік және жауапкершілік қағидаттарына негізделеді. Басқарма өз кезегінде Даму стратегиясының міндеттерін орындау және іске асыру мақсатында Университеттің ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады.

– Тұрақты даму қағидаты. Университет өзінің экономикаға, экологияға және қоғамға әсер етуінің маңыздылығын түсініп, мүдделі тараптардың мүдделерінің тепе-теңдігін сақтай отырып, ұзақ мерзімді құнның өсуіне ұмтылуы керек.

– Тәуекелдерді басқару принципі, ішкі бақылау және аудит. Бұл қағидат Университеттің өзінің стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуіне парасатты сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жұмыс істейтін жүйесін құруды көздейді.

– Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу саясаты. Директорлар кеңесінің, Басқарманың мүшелері, сондай-ақ Университет қызметкерлері жанжалдарды болдырмай, өздерінің кәсіби функцияларын адал және ақылмен орындайды. Корпоративтік қақтығыстар туындаған жағдайда қатысушылар Университет пен мүдделі тараптардың мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында келіссөздер арқылы оларды шешу жолдарын іздестіреді.

– Университет қызметі туралы ақпараттың ашықтығы мен объективтілігі қағидаттары. Университет ҚР заңнамасында және Университеттің ішкі құжаттарында көзделген ақпаратты, сондай-ақ өз қызметінің барлық маңызды аспектілері туралы ақпаратты уақтылы және сенімді түрде ашық ұстайды.



3.2. Корпоративтік басқару құрылымы


Университет органдары:

- 1) Университеттің жоғары органы – Жалғыз акционер;
- 2) Университеттің басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) Университеттің алқалы атқарушы органы – Басқарма;
- 4) Университеттің қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі.

Ұйымдық құрылым

«Астана медицина университеті» КеАҚ
Директорлар кеңесінің 2023.22.12 №12
шешімімен бекітілген

Утверждена решением Совета директоров
НАО «Медицинский университет Астана» от
22.12.2023г. №12



Штатная численность	
Общее количество штатных единиц	1 897,75



3.3. Директорлар кеңесі

Университеттің Директорлар кеңесінің құрамы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 07 қарашадағы № 701 бұйрығына сәйкес бекітілді.

Директорлар кеңесінің құрамы

<p><i>Бахытжан Дерибсалиевич Сексенбаев</i></p>	<p><i>Директорлар кеңесінің төрағасы, медицина ғылымдарының докторы</i></p> <p><i>Білімі:</i> Алматы мемлекеттік медицина институты (1985), «Емдеу ісі» мамандығы; АММИ, аспирантура (1991), «Хирургия» мамандығы; А.Н. Сызғанов атындағы хирургия ғылыми орталығы, докторантура.</p> <p><i>Еңбек өтілі:</i> Алматы қаласындағы жол ауруханасының хирургі (1985-1988); АММИ хирургиялық аурулар кафедрасының ассистенті (1991-1994); Шымкент мемлекеттік медицина институтының Жалпы хирургия кафедрасы меңгерушісінің м.а. (1994-1996); Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясының факультеттік хирургия кафедрасының меңгерушісі (1998-2002); Бас хирург, хирургиялық көмек бөлімінің бастығы, ҚР ДСМ медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті директорының орынбасары (2002-2009); «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтикалық академиясы» РМҚК (кейін «ОҚММА» РМҚ болып қайта құрылған) Басқарма төрағасы - ректоры (01.2009, 06.2017 қайта сайланды).</p>
<p><i>Жандос Коньсович Буркитбаев</i></p>	<p><i>Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі, медицина ғылымдарының кандидаты</i></p> <p><i>Білімі:</i> С. Асфендияров атындағы Алматы мемлекеттік медицина университеті, «Емдеу ісі» мамандығы (1996); Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару» мамандығы (2003); Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, «Фармация» мамандығы (2007); «ҚДСЖМ» Қазақстан медициналық университеті, Денсаулық сақтау магистрі (2018); «Тұран-Астана» университеті, «Кұқықтану» мамандығы (2020).</p> <p><i>Еңбек өтілі:</i> Қалалық жедел медициналық жәрдем клиникалық ауруханасының дәрігері, Алматы қ. (1996-1998); Республикалық Апаттар медицинасы орталығының дәрігері, Алматы қ. (1998-1999); Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің Білім және ғылым басқармасының бас маманы (1999-2000); Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау істері агенттігінің дәрілік саясат, Медициналық және фармацевтикалық өнеркәсіпті дамыту, ұйымдастыру-бақылау жұмысы бөлімінің бас маманы (2000-2001); Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіп және ақпараттық-талдамалық сүйемелдеу бөлімінің бастығы (2001-2002); Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіп және дәрілік саясат</p>



	<p>басқармасының бастығы (2002-2004); «Ақтөбренген» АҚ кеңесшісі (2005-2007); Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің қызметін қамтамасыз ету бөлімі меңгерушісінің орынбасары (2007-2008); Астана қаласы Денсаулық сақтау басқармасының «Қан орталығы» ШЖҚ МКК директоры (2008-2011); Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК директоры (2011-2019); Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық ғылыми онкологиялық орталығы» ЖШС Басқарма төрағасы (2019-2021); Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі (2021.22.01 бастап).</p>
<p><i>Камалжан Талғатович Надыров</i></p>	<p><i>Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы - ректор, MBA, PhD докторы</i></p>
<p><i>Дамир Серкбаевич Суентаев</i></p>	<p><i>Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор</i></p> <p><i>Білімі:</i> Қазақ гуманитарлық-заң университеті, «Құқықтану» мамандығы (2006); Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, «Экономика» мамандығы (2008); Ресей Федерациясының Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және Мемлекеттік қызмет академиясы, «Инновациялық және жобалық менеджмент» MBA (2014); Ұлыбритания директорлар институты (Institute of directors, UK), расталған директор (Chartered director).</p> <p><i>Еңбек өтілі:</i> Помощник Президента (Ректора) по связям с госорганами, общественностью и СМИ, Советник Президента АО «Казахский гуманитарно-юридический университет» (2006); Менеджер, главный менеджер, директор департамента, советник, управляющий директор АО «ФУР «Казына», АО «ФНБ» Самрук - Казына», АО «ФРП «Даму», АО «НК «Казахстан Инжиниринг», Республиканском союзе промышленников вторичной металлургии, НЭП «Атамекен», АО «КазГЮУ» (2006-2015); Председатель Республиканского союза Digital finance union; Председатель Комитета по кадрам, вознаграждениям и социальным вопросам, Комитета по стратегическому планированию и член Комитета по аудиту Совета директоров АО «СК «КазЭкспортГарант» (с 01.04.2016).</p>
<p><i>Кайрат Жаксыкулович Мырзахметов</i></p>	<p><i>Директорлар кеңесінің мүшесі, ҚР ҚМ Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары</i></p> <p><i>Білімі:</i> Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (2004); Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті (2006); І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (2022).</p> <p><i>Еңбек өтілі:</i> Қаржы полициясы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдарындағы қызмет (2005-2018); ҚР Бас прокуратурасының Ішкі тергеу департаменті ішкі инспекция тобындағы Бас прокурордың аға көмекшісі (2018-2020); Бас прокуратура қызметкері (2020);</p>



ҚР Қаржы министрлігінің апелляция департаменті директорының орынбасарының міндетін атқарушы (2021);
ҚР Қаржы министрлігінің апелляция департаменті директорының орынбасары (2021-2022);
ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары (2022.27.08 бастап).

Ішкі аудит қызметі

Ішкі аудит қызметі Университетте ішкі аудитті ұйымдастыруды және жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын және есеп беретін Университеттің бақылау органы болып есептеледі.

Қызметтің жұмысы Ішкі аудит қызметі туралы ережеге және жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

Қызмет жұмысында Тәуелсіздік және объективтілік қағидаттарын, Қазақстан Республикасының заңнамасын, жарғыны, корпоративтік басқару кодексін, Университет органдарының шешімдерін және ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарын басшылыққа алады.

2023 жылы Ішкі аудит жүргізу жоспарына сәйкес ішкі аудит қызметі 22 аудиторлық тексеру, сондай-ақ ҚР Денсаулық сақтау министрлігі мен Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша 5 жоспардан тыс тексеру жүргізді. Қорытындысы бойынша 33 ұсыныс берілді.

Комплаенс-офицер

Университетте COMPLAENS-офицер лауазымы енгізілді. COMPLAENS-офицер қызметінің негізгі мақсаты – Университеттің, оның қызметкерлері мен білім алушыларының Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын, корпоративтік Әдеп кодексін, ішкі тәртіп ережелерін сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу.



3.4. Басқарма

Басқарма Университеттің даму стратегиясын іске асыру және міндеттерін орындау мақсатында ағымдағы қызметке басшылықты жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган болып саналады.

Басқарма қызметі жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтау, адалдық, ашықтық, кәсібилік, объективтілік және жүйелілік қағидаты негізінде құрылады. Басқарма Университеттің мүддесі үшін әрекет етеді, Университеттің жалғыз акционері мен Директорлар кеңесіне есеп береді.

Басқарма (ұйымдық құрылымға сәйкес 2023.22.12 дейін жұмыс істеген) 5 мүшеден – Басқарма Төрағасы және Директорлар кеңесі сайлаған басқа тұлғалардан тұрады.

Басқарма отырыстары қажеттілігіне қарай тікелей қатысу және сырттай қатысу тәртібімен өткізіледі.

2023 жылы Басқарма тікелей қатысу арықылы 39 отырыс өткізді, онда Басқарманың 211 шешімі қабылданды. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдер болған жоқ.

Есепті кезеңде Басқарма келесі негізгі мәселелер бойынша қарап, шешімдер қабылдады:

- ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;
- Университет қызметкерлеріне сыйақы беру;
- жарияланымдар үшін ынталандыру төлемдерін тағайындау және т.б.

Басқарманың сыйақысы

Есепті кезеңдегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақылар қол жеткізілген табыстары үшін материалдық көтермелеу және Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қамсыздандыру шарттары туралы ережеге сәйкес жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында қызмет тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша төленеді. Есепті кезеңдегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақылар төлеудің негізгі шарты сыйақылар төлеу үшін жоспарланған соманы ескере отырып есептелген есепті кезең үшін шоғырландырылған жиынтық пайданың болуы болып саналады.

Есепті кезеңдегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы белгіленген тәртіппен есепті кезеңдегі аудиттелген қаржылық есептілік негізінде Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері бекітілгеннен кейін Университет бюджетінде осы мақсаттарға көзделген ақшалай қаражат шегінде төленеді.

Басқарма құрамы:

<p><i>Камалжан Талғатович Надыров</i></p>	<p><i>«Астана медицина университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы - ректоры, MBA, PhD докторы</i></p> <p><i>Білімі:</i> С. Асфендияров атындағы Қазақ мемлекеттік медицина университеті, «Емдеу ісі» мамандығы (2006); Тұран университеті, «Экономика» мамандығы; Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі, «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша іскерлік әкімшілендіру магистрі (2014); Назарбаев Университеті Бизнес мектебі, «Бизнес әкімшілендіру» мамандығы бойынша іскерлік әкімшілендіру магистрі (2020); Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі, «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша PhD докторы (2019).</p> <p><i>Еңбек өтілі:</i> Джарбусынов атындағы урология ғылыми орталығында клиникалық ординатор, бөлім меңгерушісі, бас директордың орынбасары (09.2007-06.2014); Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық қызметтерді стандарттау департаменті директорының</p>
---	--



	<p>орынбасары (08.2014-02.2016); «University Medical Center» филиалының директоры Республикалық диагностикалық орталық (02.2016-05.2017); Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы (05.2017-03.2019); Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі (03.2019-04.2020); Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы (06.2020-10.20); «Республикалық денсаулық сақтауды дамыту орталығы «ШЖҚ РМК Басқарма төрағасының міндетін атқарушы (02.2021-15.03.2021); «Республикалық денсаулық сақтауды дамыту орталығы» ШЖҚ РМК Басқарма төрағасы (03.2021-11.2021); «Астана медицина университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы - ректоры (11.2021 бастап).</p>
<p><i>Айгуль Битимбаевна Жунусова</i></p>	<p><i>Басқарма мүшесі, проректор, медицина ғылымдарының кандидаты</i></p> <p><i>Білімі:</i> Семей мемлекеттік медицина институты, педиатрия факультеті, дәрігер-педиатр (1992); Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Қаржы менеджменті (2001).</p> <p><i>Еңбек өтілі:</i> СММИ клиникалық резиденті, кафедра ассистенті (1992-2006); Семей қ. ММУ оқу-әдістемелік орталығының Инновациялық технологиялар және оқыту сапасының мониторингі бөлімінің бастығы, оқу-әдістемелік орталығының бастығы (2006-2012); Семей қ. ММУ оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры (2012-2018); Семей қ. ММУ халықаралық инновациялық білім беру орталығының басшысы (2018-2019); «Семей медицина университеті» КеАҚ академиялық жұмыс департаментінің директоры (2019-2022); «Астана медицина университеті» КеАҚ аккредиттеу және рейтинг орталығының басшысы (2022-2023).</p>
<p><i>Виталий Викторович Койков</i></p>	<p><i>Басқарма мүшесі, проректор, медицина ғылымдарының докторы</i></p> <p><i>Білімі:</i> Қарағанды мемлекеттік медицина университеті (2001), City Business School, Мәскеу қ., іскерлік әкімшілендіру магистрі (2021), Al Business School, Лондон, іскери әкімшілік магистрі, Ұлыбритания (2021).</p> <p><i>Еңбек өтілі:</i> Қарағанды мемлекеттік медицина академиясында кафедра лаборанты, доценті (2002-2007); ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Ғылым және адами ресурстар департаменті медициналық білім және ғылым басқармасының сарапшысы (2007-2008); «Ұлттық медициналық холдинг» АҚ Ғылым және білім мәселелері жөніндегі топтың білім жөніндегі менеджері (2008-2010); ҚР ДСМ «Денсаулық сақтауды дамыту институты» РМК директорының ғылым жөніндегі орынбасары (2009-2011); Ғылым және білім департаментінің директоры, Адам ресурстары мен ғылымды дамыту орталығының басшысы, ҚР ДСМ «Салидат Қайырбекова атындағы денсаулық сақтауды дамытудың Ұлттық ғылыми орталығы» РМК</p>



	Басқарма төрағасының орынбасары (2011-2022).
<i>Меруерт Арыстановна Газалиева</i>	<p><i>Басқарма мүшесі, проректор, медицина ғылымдарының докторы</i></p> <p><i>Білімі:</i> Қарағанды мемлекеттік медицина университеті, «Емдеу ісі» мамандығы (2005), «Дәрігер» даярлау бағыты бойынша интернатура (2006); Колумбия университеті, АҚШ, «Ғылыми зерттеулер менеджменті» мамандануы (2007); Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, «Экономика» мамандығы (2011); Алматы Экономика және статистика академиясы, «Менеджмент» мамандығы (2014); Орталық Қазақстан академиясы, «Психология» мамандығы (2018).</p> <p><i>Еңбек өтілі:</i> Қарағанды мемлекеттік медицина университетінде амбулаториялық-емханалық терапия және отбасылық медицина кафедрасының ассистенті, ішкі аурулар пропедевтикасы кафедрасының доценті, клиникалық иммунология, аллергология және микробиология кафедрасының меңгерушісі (2006-2019); «OLYMP MEDICAL GROUP» ЖШС «DiVera» облыстық аллергологиялық орталығының бас дәрігері (2018-2022); Қарағанды облысының бас штаттан тыс аллергологы (2018-2022); «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ Медицина мектебінің деканы (2019-2022).</p>
<i>Бахтиер Иркинович Мараджапов</i>	<p><i>Басқарма мүшесі, қаржы директоры, экономика ғылымдарының кандидаты</i></p> <p><i>Білімі:</i> Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институты, «Өнеркәсіптегі экономика және басқару» мамандығы (1995); Х.А. Яссауи Мемлекеттік халықаралық қазақ-түрік университеті, «Құқықтану» мамандығы (2002, 2004).</p> <p><i>Еңбек өтілі:</i> «Технолог» ЖШС экономист мамандығы (1995-2000); Жамбыл облысының салық органдарында жетекші маман, бөлім бастығы және басқарма бастығы (2000-2007); «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағы бойынша Салық комитетінде түрлі лауазымдарда жұмыс істеді (2007-2008); Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау комитетінің бас сарапшысы (2008-2009); Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Жамбыл облысы бойынша Салық департаментінің басқарма бастығы (01.2009-12.2009); Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау Комитеті басқармасының басшысы (12.2009-07.2012); Астана қаласы бойынша Қаржылық бақылау инспекциясының басшысы (07.2012-01.2015); Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау комитеті төрағасының орынбасары (01.2015-05.2016); ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитеті төрағасының орынбасары (06.2016-11.2016); Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің экономика дамуының мемлекеттік аудиті бөлімі, Қаржы басқармасының мемлекеттік аудиті бөлімі, экономиканың нақты секторының аудиті бөлімі, Ұйымдастыру жұмысы бөлімі меңгерушісінің орынбасары (11.2016-</p>



11.2019);

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КеАҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі (03.2020-07.2020);

«Елорда құрылыс компаниясы» ЖШС директорының құқықтық мәселелер жөніндегі орынбасары (09.2020-01.2021);

«С. Қайырбекова атындағы Денсаулық сақтауды дамытудың ұлттық ғылыми орталығы» ШЖҚ РМК ішкі аудит қызметінің басшысы» (06.2021-11.2021)

«Астана медицина университеті» КеАҚ Ішкі әкімшілік департаментінің директоры (11.2021-12.2021).

**4-ТАРАУ. АУДИТОРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖӘНЕ ЕСКЕРТУЛЕРІ БАР ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК**

2023 жылғы қаржылық есептілік аудитін (жеке және шоғырландырылған) «ARIP Consulting Group» ЖШС тәуелсіз аудиторлық ұйымы 2024 жылғы 27 наурыздағы №080940008218/240154/00 Мемлекеттік сатып алу шарты негізінде жүргізді.

Аудиторлық ұйымның қорытындысына сәйкес жеке және шоғырландырылған қаржылық есептілік 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Университеттің қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қаржылық нәтижелері мен қимылын көрсетілген күні аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысын барлық маңызды аспектілерде Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (IFRS) сәйкес және де Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 02 наурыздағы № 241 бұйрығына және «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бойынша нысандарға сәйкес сенімді көрсетеді.

Жылдық қаржылық есептілік Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 5 шілдедегі №7 шешімімен қаралып, алдын ала мақұлданды және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Вице-министрінің 2024 жылғы 25 шілдедегі № 481 бұйрығымен бекітілді.

27-кесте – Университеттің 2023 жылғы ЖҚЕ негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштердің атауы	Жеке жылдық қаржылық есептілік			Шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік		
	2022 жыл	2023 жыл	ауытқушылық	2022 жыл	2023 жыл	ауытқушылық
Қысқа мерзімді активтер	4 780 710	5 140 199	359 489	4 799 048	5 159 738	360 690
Сатуға арналған активтер		5 000	5 000		5 000	5 000
Ұзақ мерзімді активтер	8 783 470	18 248 678	9 465 208	8 754 014	18 214 799	9 460 785
Қысқа мерзімді міндеттемелер	1 726 077	11 180 435	9 454 358	1 734 281	11 188 943	9 454 662
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	18 715	18 285	-430	18 715	18 285	-430
Жарғылық капитал	11 938 468	11 938 468	-	11 938 468	11 938 468	-
Бөлінбеген пайда (шығын)	(119 080)	256 689	375 769	(138 402)	233 841	372 243
Баланс валютасы	13 564 180	23 393 877	9 829 697	13 553 062	23 379 537	9 826 475

28-кесте – 2023 жылғы пайда мен шығындар туралы есеп

Көрсеткіштердің атауы	Жеке жылдық қаржылық есептілік			Шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік		
	2022 жыл	2023 жыл	ауытқушылық	2022 жыл	2023 жыл	ауытқушылық
Қоғамның кірістері, оның ішінде:	9 742 880	12 422 516	+2 679 636	9 985 132	12 728 698	+2 743 566
Сатудан түскен түсім	9 154 130	11 425 928	+2 271 798	9 410 349	11 733 297	+2 322 948
Қаржылық кірістер	190 950	363 401	+172 451	190 950	363 401	+172 451
Басқа кірістер	397 800	633 187	+235 387	383 833	632 000	+248 167
Қоғамның шығыстары, оның ішінде:	9 460 948	12 050 537	+2 589 589	9 716 582	12 360 277	+2 643 695
Құны	8 080 393	10 263 692	+2 183 299	8 298 152	10 529 175	+2 231 023
Әкімшілік шығыстар	912 299	1 384 618	+472 319	946 853	1 424 655	+477 802
Басқа шығындар	468 256	402 227	-66 029	471 577	406 447	-65 130
Бір жылдағы пайда	281 932	371 979	+90 047	268 550	368 421	+99 871



(шығын)

29-кесте – 2022-2023 жылдардағы негізгі қызметтен түсетін кірістер

Көрсеткіштердің атауы	Жеке жылдық қаржылық есептілік			Шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік		
	2022 жыл	2023 жыл	ауытқушылық	2022 жыл	2023 жыл	ауытқушылық
Мемлекеттік тапсырыс (МТ) бойынша оқыту	4 528 865	5 571 210	+1 042 345	4 528 865	5 571 210	+1 042 345
ЖАО шеңберінде оқыту	522 494	702 798	+180 304	522 494	702 798	+180 304
МТ бойынша біліктілікті арттыру	20 165	20 107	- 58	20 165	20 107	-58
МТ бойынша ғылыми зерттеулер	88 298	175 879	+90 581	88 298	175 879	+90 581
ТМҚКК және МӘМС шеңберіндегі табыс				242 922	293 734	+50 812
Оқыту ақылы	3 720 930	4 627 095	+906 165	3 720 930	4 627 095	+906 165
Ақылы біліктілікті арттыру курстары	106 807	150 177	+43 370	106 807	150 177	+43 370
Қайта оқыту, қайта тапсыру	96 405	84 892	-11 513	96 405	84 892	-11 513
Ғылыми зерттеулер	67 009	91 645	+24 636	67 009	91 645	+24 636
Медициналық қызметтер	3 157	2 125	-1 032	16 454	15 760	-694
Барлығы:	9 154 130	11 425 928	+2 271 798	9 410 349	11 733 297	+2 322 948

30-кесте – 2022-2023 жылдардағы басқа да кірістер

Көрсеткіштердің атауы	Жеке жылдық қаржылық есептілік			Шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік		
	2022 жыл	2023 жыл	ауытқушылық	2022 жыл	2023 жыл	ауытқушылық
Ағымдағы шоттар және орналастырылған салымдар бойынша сыйақылар түріндегі кірістер	190 950	363 401	+172 451	190 950	363 401	+172 451
Басқа да кірістер, оның ішінде:	397 800	633 187	+235 387	383 833	632 000	+248 167
Өтеусіз алынған активтерден түсетін кіріс	5 902	5 599	-303	5 902	5 599	-303
Операциялық жалдау кірісі	73 009	55 807	-17 202	73 009	52 459	-20 550
Тұрғын үйді жалға беруден түскен табыс	116 505	101 403	-15 102	116 505	101 403	-15 102
Активтердің құнсыздануынан болған залалды қалпына келтіруден түскен кіріс	103 301	335 807	+232 506	103 327	336 019	+232 692
Ком.қызметтерді өтеуден түскен табыс	19 719	116 191	+96 472	5 309	115 825	+110 516
Бағамдық айырмашылықтан түскен табыс	68 113	-	-68 113	68 113	-	-68 113
Басқа кірістер	11 251	18 380	+7 129	11 668	20 695	+9 027
Барлығы:	588 750	996 588	+407 838	574 783	574 783	+420 618

31-кесте – 2022-2023 жылдардағы шығыстар

Көрсеткіштердің атауы	Жеке жылдық қаржылық есептілік			Шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік		
	2022 жыл	2023 жыл	ауытқушылық	2022 жыл	2023 жыл	ауытқушылық
Еңбекақы	6 525 153	7 305 407	+780 254	6 656 104	7 464 868	+808 764



Салықтар және т.б. міндетті төлемдер	780 469	1 043 499	+263 030	801 425	1 062 471	+261 046
Жетім студенттердің тамақтану және киім-кешек шығындары, стипендиялар	79 279	88 960	+9 681	79 279	88 960	+9 681
Иссапар шығындары	61 113	110 554	+49 441	61 113	110 554	+49 441
Коммуналдық қызметтер	125 649	165 414	+39 765	125 649	166 590	+40 941
Байланыс қызметтері	41 066	70 537	+29 471	42 016	71 848	+29 832
Міндетті сақтандыру	3 299	3 267	-32	3 464	3 267	-197
Жеткізушілер мен мердігерлерге қызметтер	509 336	1 177 844	+668 508	583 848	1 280 740	+696 892
Демалыстар бойынша резерв	452 966	1 043 172	+590 206	466 462	1 053 261	+586 799
ТМҚ есептен шығару	75 656	168 840	+93 184	81 819	175 235	+93 416
НҚ және МеА амортизациясы	338 706	470 816	+132 110	343 826	476 036	+132 210
Барлығы:	8 992 692	11 648 310	+2 655 618	9 245 005	11 953 830	+2 708 825

32-кесте – 2022-2023 жылдардағы дебиторлық берешек

Көрсеткіштердің атауы	Жеке жылдық қаржылық есептілік			Шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік		
	2022 жыл	2023 жыл	ауытқушылық	2022 жыл	2023 жыл	ауытқушылық
Құрылған резервтерді ескере отырып, қысқа мерзімді дебиторлық берешек, оның ішінде:	258 686	131 639	-127 047	266 237	139 949	-126 288
Оқу үшін дебиторлық берешек	139 282	27 876	-111 406	139 282	27 876	-111 406
Біліктілікті арттыру үшін дебиторлық берешек	5 096	4 530	-566	5 096	4 530	-566
Ғылыми зерттеулер үшін дебиторлық берешек	10 921	4 932	-5 989	10 921	4 932	-5 989
Салықтар	5 468	5 355	-113	5 468	5 387	-81
Жалдау төлемдері	11 785	6 160	-5 625	9 468	6 160	-3 308
Жеткізушілерге берілген аванстар	1 814	9 200	+7 386	1 814	9 299	+7 485
Басқа дебиторлық берешек	84 320	73 586	-10 734	94 188	81 765	-12 423
Құрылған резервтерді ескере отырып қызметкерлердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі	191 203	159 960	-31 243	191 203	159 960	-31 243

33-кесте – 2022-2023 жылдардағы кредиторлық берешек

Көрсеткіштердің атауы	Жеке жылдық қаржылық есептілік			Шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік		
	2022 жыл	2023 жыл	ауытқушылық	2022 жыл	2023 жыл	ауытқушылық
Қысқа мерзімді кредиторлық берешек, оның ішінде:	1 322 096	10 508 880	+9 186 784	1 326 484	10 531 370	+9 204 886
Жеткізушілер мен мердігерлердің кредиторлық берешегі	48 286	131 320	+83 034	48 695	132 877	+84 182
Басқа қысқа мерзімді берешек	1 976	10 453	+8 476	2 025	10 475	+8 450



<i>Ғимаратты басқар. д.-не беру, «АстМУ» КеАҚ орналастыратын акцияларын төлеуге бергенге дейін оны кейіннен сатып алу құқығынсыз</i>	-	8 807 864	+8 807 864	-	8 807 864	+8 807 864
<i>Еңбекақы төлеу бойынша кредиторлық берешек</i>	339	285	-54	339	285	-54
<i>Салықтар және басқа да міндетті төлемдер</i>	20 768	15 877	-4 891	24 698	36 788	+12 090
<i>Оқу және БА үшін алынған аванстар</i>	1 250 727	1 543 081	+292 354	1 250 727	1 543 081	+292 354
<i>Жалдау бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешек</i>	18 715	18 285	-430	18 715	18 285	-430



5-ТАРАУ. АНАЛИТИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Университеттің 2022-2026 жылдарға арналған Даму стратегиясы Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 30 мамырдағы № 17 шешімімен бекітілген. Даму стратегиясында 5 стратегиялық бағыт анықталды, олар өз кезегінде Университетті дамытудың 18 басым бағытына және 68 нысаналы индикаторға ие:

Стратегиялық бағыт 1. Сұранысқа ие мамандықтар мен мамандандырулар бойынша бәсекеге қабілетті және кәсіби-құзыретті денсаулық сақтау мамандарын даярлау (5 басым бағыт, 26 нысаналы индикатор).

Стратегиялық бағыт 2. Зерттеу университетіне айналу және оны денсаулық сақтау практикасы мен саясатына жаңа білім мен инновацияларды таратудың жетекші орталығы ретінде дамыту (6 басым бағыт, 21 нысаналы индикатор).

Стратегиялық бағыт 3. Университетті білім, ғылым және практиканың үштұғырлығы негізінде жұмыс істейтін интеграцияланған академиялық медициналық орталық ретінде дамыту (3 басым бағыт, 8 нысаналы индикатор).

Стратегиялық бағыт 4. Кадрлық әлеуетті дамыту және университетті басқару және қаржыландыру жүйесін жетілдіру (3 басым бағыт, 10 нысаналы индикатор).

Стратегиялық бағыт 5. Университеттің инфрақұрылымы мен материалдық-техникалық базасын дамыту (1 басым бағыт, 3 нысаналы индикатор).

2023 жылға жоспарланған 66 нысаналы индикатордың ішінен:

– 53 (80%) қол жеткізілді, оның ішінде 22 индикатор (33%) – 125%-дан астам қол жеткізілді, 5 Индикатор (7,5%) - 200% және одан да көп қол жеткізілді.

– 13 (20%) қол жеткізілмеді, оның ішінде 6 индикатор (9%) – жоспардың орындалуы 75%-дан кем, 2 индикатор (3%) орындалмады.



13-сурет. Стратегиялық бағыттар бөлінісінде Даму стратегиясын орындау



34-кесте. 1-стратегиялық бағыт индикаторларын орындау

№	Индикатордың атауы	Жоспарт	Факт	Орындалуы
1	Тәуелсіз емтиханды бірден сәтті тапсырған бакалавриат түлектерінің үлесі	94,5%	93,3%	98,7%
2	Тәуелсіз емтиханды бірден сәтті тапсырған интернатура түлектерінің үлесі	95,5%	98%	102,7%
3	Тәуелсіз емтиханды бірден сәтті тапсырған резидентура түлектерінің үлесі	96%	98,4%	102,5%
4	Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқыған, ЖОО бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналастырылған ЖОО түлектерінің үлесі	95%	99%	104,3%
6	Білім берудің әрбір деңгейі бөлінісінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларының саны (білім алушылар контингентінің болуымен):			
	техникалық және кәсіби	1	0	0
7	қолданбалы бакалавриат	1	0	0
8	академиялық бакалавриат + УИМБ	9	12	133%
9	магистратура	9	8	89%
10	докторантура	4	5	125%
11	резидентура	38	36	95%
12	қосымша білім (сертификаттау курстары)	5	6	120%
13	ЖОО мен ҒЗИ, ҚР ҰО қатысуымен ЖОО әзірлеген бірлескен білім беру бағдарламаларының саны	2	4	200%
14	Білім беру бағдарламаларының каталогына енгізілген қосымша білім беру бағдарламаларының саны	6	8	133%
15	Қосымша және бейресми білім беру шеңберінде шарттық негізде және мемлекеттік тапсырыс шеңберінде білім алушылардың саны	2900	4267	147%
16	Толығымен ағылшын тілінде оқитын студенттердің үлесі	14%	9,4%	67,1%
17	Бакалавриат бағдарламалары бойынша білім алушылардың жалпы контингентіндегі шетелдік студенттердің үлесі	21%	14,2%	67,6%
18	Шығыс академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысатын білім алушылардың үлесі	3,2%	3,3%	103%
19	ОПҚ жалпы санындағы шақырылған шетелдік оқытушылардың үлесі	2%	2%	100%
20	Шығыс академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысатын ОПҚ үлесі	3,8%	6%	157%
21	Шетелдік жоғары оқу орындарының қатысуымен екі дипломмен әзірленген бірлескен білім беру бағдарламаларының саны	2	2	100%
22	Қос дипломсыз			
23	Ағылшын тілін меңгерген ОПҚ үлесі (TOEFL - 525, IELTS - 5,5, ҰТО - 75 балл):	2	1	50%
	барлығы	15%	16,5%	110%
24	45 жасқа дейін	22%	23%	104%
25	Еріктілер қозғалысына қатысатын білім алушылардың үлесі	4%	7,2%	180%
26	Халықаралық олимпиадалардың жүлдегерлері, халықаралық конференциялардың, конкурстардың, жарыстардың (ғылыми, практикалық, білім беру бағытындағы) жеңімпаздары болып саналатын білім алушылардың үлесі	1%	1,5%	150%
27	Жұмыс істеп тұрған ЖОО аралық студенттік пікірталас платформаларының саны	5	5	100%



Жоспарлы көрсеткішке қол жеткізілген жоқ:

- «Тәуелсіз емтиханды бірден сәтті тапсырған бакалавриат түлектерінің үлесі» – қоғамдық денсаулық сақтау мамандықтары түлектерінің төмен нәтижелеріне, сондай-ақ қазақ тілінде тест тапсыру кезіндегі қиындықтарға байланысты. Индикаторды орындау үшін түлектерді консультация беру, тестілеу рәсімін түсіндіру және сынақ тестілеуін өткізу арқылы тәуелсіз емтиханға даярлау күшейтілетін болады.

- «Магистратура мен резидентураның іске асырылатын бағдарламаларының саны» – кәсіптік бағдарлаудың жеткіліксіздігі және магистратура бағдарламалары бойынша талап етілмеген формат пен оқу ұзақтығының, сондай-ақ белгілі бір мамандықтар бойынша резидентураның жаңа бағдарламаларын уақтылы әзірлеудің себебінен. Индикаторды орындау үшін ЕМВА бағдарламаларына баса назар аударып, магистратураның сұранысына талдау және жаңа ББ әзірлеу, резидентураның жаңа ББ әзірлеу және қарқынды кәсіптік бағдарлау жүргізілетін болады.

- «Іске асырылатын ТЖКБ және қолданбалы бакалавриат бағдарламаларының саны» - осы бағдарламаларды іске қосу Астана қаласының жоғары медициналық колледжімен интеграциялау шеңберінде жоспарланғандықтан. ЖМК-мен интеграция мәселесі рентабельділік пен жоғары қаржылық тәуекелдерге байланысты кейінге қалдырылды. Индикатор қайта қаралады.

- «Толығымен ағылшын тілінде оқитын студенттердің үлесі» және «Бакалавриат бағдарламалары бойынша білім алушылардың жалпы контингентіндегі шетелдік студенттердің үлесі» – алыс шет елдерден шетелдік студенттерді қабылдаудың төмендеуіне, бағдарламаларға рекрутингтің болмауына, сондай-ақ бакалавриат бағдарламаларына қабылдаудың жалпы өсуіне байланысты. Индикаторды орындау үшін алыс шет елдерден талапкерлерге қарқынды рекрутинг жүргізіледі, ағылшын тілінде оқыту үшін жағдайлар қайта қаралады және агенттермен жұмыс істеу саясаты қайта қаралады.

- «Шетелдік жоғары оқу орындарының қатысуымен әзірленген бірлескен білім беру бағдарламаларының саны»: қос дипломсыз, екі дипломды бағдарламаларды әзірлеуге баса назар аударылғандықтан, қос диплом берілмейтін бағдарламаны әзірлеу 2024 жылға ауыстырылды.

35-кесте. 2-стратегиялық бағыттың индикаторларын орындау

№	Индикатордың атауы	Жоспарт	Факт	Орындалуы
1	Web of Science немесе Scopus базасы бойынша өндірістік персонал Хиришінің орташа индексі	0,38	0,57	150%
2	Web of Science немесе Scopus индекстейтін халықаралық рейтингтік журналдарда соңғы бес жыл ішінде жарияланған мақалалар санының штаттық ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық персонал санына қатынасы	1:4	1:2	200%
3	Web of Science не Scopus базасы бойынша жоғары академиялық жетістіктері бар ОПК және ғылыми қызметкерлердің үлесі			
	Хириш индексі кемінде 3	2,5%	7,4%	260%
4	Q1-Q2 журналдарындағы мақалалар	3%	11%	296%
5	Университет құрылымындағы ғылыми бөлімшелердің (институттардың, ғылыми орталықтардың) саны	3	3	100%
6	Табысты стартаптар саны / спинофф кеңселері	2	2	100%
7	Алынған қорғау құжаттарының (халықаралық және ұлттық патенттердің, авторлық куәліктердің) саны	95	100	105%
8	ЖОО-ның жалпы бюджетіндегі ғылыми қызметтен түсетін кірістердің үлесі	3,3%	4,3%	160%
9	Бюджеттің жалпы көлемінен ғылыми қызметке арналған шығыстардың үлесі (оның ішінде ОПК және білім алушылар үшін ЖОО ішіндегі гранттарға)	1,7%	1,7%	100%



10	Ғылыми-зерттеу және инновациялық жобалардың, оның ішінде халықаралық жобалардың саны	16	17	106%
11	Кафедрадағы студенттік ғылыми үйірмелердің мүшелері болып саналатын білім алушылардың үлесі	17%	15%	88%
12	Білім алушылардың ғылыми және инновациялық жобаларының саны	4	4	100%
13	Web of Knowledge, Scopus басылымдарында білім алушылардың жарияланымдарының саны	21	27	128%
14	Соңғы төрт жылда PhD докторы дипломын алған, сондай-ақ ҚР БҒМ БҒСБК дәрежесін алуға құжаттар берген докторантура түлектерінің үлесі	30%	34%	113%
15	Университеттің институционалдық мүшелігі бар денсаулық сақтау саласындағы зерттеулер мен кадрлар даярлау жөніндегі жетекші халықаралық ұйымдардың саны	4	4	100%
16	Шетелдік әріптестермен бірлескен ғылыми-зерттеу және инновациялық жобалардың саны	8	8	100%
17	Жалпы бюджетте ғылыми-зерттеу және инновациялық жобаларды іске асыруға шетелдік гранттардан алынған қаражаттың үлесі	1%	1,75%	175%
18	Университеттің медициналық жоғары оқу орындары арасындағы ғылыми қызмет бойынша салалық рейтингтегі орны	4	4	100%
19	«Астана медицина журналдары» ғылыми-практикалық журналы индекстелетін халықаралық деректер базасының саны	4	3	75%

Жоспарлы көрсеткішке қол жеткізілген жоқ:

- «Кафедрадағы студенттік ғылыми үйірмелердің мүшелері болып саналатын білім алушылардың үлесі» – білім алушылар контингентінің едәуір өсуі аясында кафедраларда білім алушылардың ғылыми қызметке жеткіліксіз тартылуы себебінен. Индикаторды орындау үшін студенттерге СҒҮ жұмысына қатысқаны және ғылыми жетістіктері үшін қосымша ынталандырулар мен бонустар, сондай-ақ СҒҮ және ЖҒБ жұмысын жандандыру енгізілетін болады.

- «Астана медицина журналы» ғылыми-практикалық журналы индекстелетін халықаралық деректер базаларының саны – 2023 жылы журналды Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің тізбесіне енгізуге дайындауға, сондай-ақ журнал сайтына жаңғыртуға баса назар аударылғандықтан. Сонымен қатар, қызметкерлердің АМУ журналында жариялауға/рецензиялауға қатысу белсенділігінің төмендігі атап өтілді. Индикаторды орындау үшін ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған басылымдар тізбесіне енгеннен кейін халықаралық базаларда журналды белсенді жылжыту жүргізіледі. АМУ журналының авторлары мен рецензенттері үшін ынталандыру тетіктері де қайта қаралатын болады.

36-кесте. 3-стратегиялық бағыт индикаторларын орындау

№	Индикатордың атауы	Жоспар	Факт	Орындалуы
1	БҰДСЖ-да жұмыс істейтін клиникалық кафедралардағы ОПК үлесі (медұйымымен келісімшарты бар)	52%	65%	125%
2	Университеттің клиникалық базаларында орындалатын клиникалық зерттеулер саны	5	5	100%
3	Университеттің клиникалық базаларында диагностиканың, емдеудің, профилактиканың және оңалтудың енгізілген жаңа әдістерінің саны	35	37	105%
4	Университеттің жеке медициналық ұйымдарының саны (құрылымында немесе еншілес ұйым ретінде)	2	1	50%
5	Университеттің медициналық ұйымдарының базасында	2	2	100%



жұмыс істейтін құзырет орталықтарының саны				
6	Симуляциялық орталықтың (ОСКЭ) ресурстарын пайдалана отырып қорытынды бақылау жүргізілетін клиникалық пәндердің үлесі	30%	44%	146%
7	Симуляциялық орталықтың арсеналындағы клиникалық сценарийлер саны	35	45	128%
8	Командалық жұмыс (коммуникативтік медициналық дағдылар) қағидаттары бойынша мастер-класстар бойынша оқытылғандар саны	50	51	102%

Жоспарлы көрсеткішке қол жеткізілген жоқ:

- «Университеттің жеке медициналық ұйымдарының саны (құрылымында немесе еншілес ұйым ретінде)» – стоматология институтын құру бойынша жоспарланған жоба уақтылы бекітілмегендіктен және іске қосылмағандықтан. Осыған байланысты жобаны іске асыру 2024 жылға ауыстырылды.

37-кесте. 4-стратегиялық бағыт индикаторларын орындау

№	Индикатордың атауы	Жоспар	Факт	Орындалуы
1	2021 жылмен салыстырғанда орташа жалақының өсуі персоналдың барлық санаттары бойынша I ставкаға	128%	143%	112%
2	педагог және ғылыми қызметкерлер бойынша I ставкаға	135%	143%	106%
3	Қызметкерлерді ынталандыруға инвестициялардың үлесі (қызметкерлерді ынталандыруға арналған барлық қосымша шығындар-сыйлықақылар, қосымша ақылар, оқыту, мат.көмек) ЕАҚ жалпы көлемінде	20,5%	23%	112%
4	ОПҚ және ғылыми персонал дәрежесінің деңгейі	42%	42%	100%
5	Білім алушылардың оқу-білім беру процесін цифрландыруға қанағаттануының үлес салмағы	60%	80%	133%
6	Білім алушылардың университетті басқару үдерістеріне қатысу деңгейі (алқалы органдарда өкілдік ету)	55%	80%	145%
7	Менеджмент саласында (жобалық және стратегиялық менеджмент, тәуекелерді басқару) оқытылған ӘБП және құрылымдық бөлімшелер басшыларының үлесі.	11%	17%	154%
8	Сату рентабельділігі (ROS)	0,65%	3,2%	460%
9	Активтердің рентабельділігі (ROA)	0,5%	1,59%	318%
10	Қоғамның жалпы шығысынан ЖОО ішіндегі гранттарға бөлінетін қаражат көлемі	0,5%	0,3%	60%

Жоспарлы көрсеткішке қол жеткізілген жоқ:

- «Қоғамның жалпы шығысынан ЖОО ішіндегі гранттарға бөлінетін қаражат көлемі» – қажетті құжаттардың уақтылы бекітілмеуі себебінен ЖОО ішіндегі гранттарға конкурс 2023 жылдың 4-тоқсанында ғана өткізілді. Индикаторды орындау үшін ЖОО ішіндегі гранттарға арналған түрлердің тізбесін кеңейтуді ескере отырып, конкурстарды өткізу қағидалары қайта қаралатын болады.

38-кесте. 4-стратегиялық бағыт индикаторларын орындау

№	Индикатордың атауы	Жоспар	Факт	Орындалуы
1	Қоғамның бейінді емес активтерінің (ғимараттары мен құрылыстарының) үлесін төмендету	9%	20%	45%
2	Жатақханамен қамтамасыз етілген білім алушылар саны (төсек-орын саны)	2027	2237	110%
3	Бөгде ұйымдардың қазіргі заманғы оқу және ғылыми-зертханалық кешендеріне қолжетімділікті кеңейту	2	3	150%



Жоспарлы көрсеткішке қол жеткізілген жоқ:

- «Қоғамның бейінді емес активтерінің (ғимараттары мен құрылыстарының) үлесін төмендету» – Степногорск қаласындағы ғимараттар мен Момышұлы даңғылындағы (Астана қ.) балабақшаның сатылмауына байланысты іс-шаралар 2024 жылға ауыстырылды. Индикаторды орындау үшін бейінді емес активтерді – Степногорск қаласындағы ғимаратты сату жүргізіледі, балабақшаның жобасы қайта қаралатын болады.
